



Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



Jastar
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

**«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»
ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА**

**«МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНА»
АНАЛИТИЧЕСКИЙ ДОКЛАД
ПО РЕЗУЛЬТАТАМ
СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ**



Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

«Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеуі: «Жастар» ҒЗО, Нұр-Сұлтан, 2021. - 100 бет.

Талдамалық баяндама Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша жаппай республикалық сауалнама әдістерімен жүргізілген «Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне негізделген.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2021

МАЗМҰНЫ

I.	ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ	4
II.	ЖАСТАРҒА ЖАППАЙ САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ	10
	Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы	10
1.	ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН БОС УАҚЫТЫ	10
	Жастардың денсаулыққа көзқарасы	10
	Салауатты өмір салтын қалыптастыру	13
	Физикалық белсенділікке көзқарас	15
	Жастардың бос уақыты	18
2.	ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ	20
	Білім беру жүйесіне қанағаттану	20
	Ғылыми қызмет	24
	Инклюзивті білім беру	25
3.	ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ	27
	Болашаққа деген сенімділік (үрейді өлшеу)	27
	Өмір сүру жағдайларын жақсарту ниеті.....	31
	Қаржылық міндеттемелер деңгейі	31
4.	ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ МЕН МҮДДЕСІ	34
	Жастардың құндылық бағдары.....	34
	Тілдік орта.....	36
	Діни сенімдердің қалыптасуы	39
5.	АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК	41
	Наразылық әлеуеті.....	46
6.	МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	54
	Қорытынды	59
	Ұсыныстар	64
III.	САРАПТАМАЛЫҚ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ	66
1.	Мемлекеттік жастар саясаты шараларының тиімділігін бағалау	66
2.	Қазіргі жастардың құндылық бағдарлары	68
3.	Коронавирустық пандемияның жастарға әсері	71
4.	Азаматтық және саяси мінез-құлық	73
5.	Жастар мәдениеті: талантты таныту үшін жағдай жасау	78
6.	Дені сау ұлт және жастар	80
7.	Білім беру саясаты алдындағы сын-қатерлер	81
8.	Еңбек нарығы және жастардың дағдылары	83
9.	Ақпараттандыру және жастар алдындағы сын-қатерлер	85
10.	Тәрбие шаралары	87
11.	Жастар проблемаларын зерттеу: ми орталықтары	89
	Қорытынды	92
	Ұсыныстар	97

I. ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы Қазақстанның әрбір өңіріндегі жастардың әлеуметтік көңіл-күйін айқындайтын негізгі факторларды зерделеуге бағытталған кешенді әлеуметтанулық зерттеуді тұрақты жүргізіп отырады, қала және ауыл жастары арасындағы жағдайды бағалаудағы айырмашылықтарды айқындайды.

Зерттеудің мақсаты салауатты өмір салты мен бос уақыт, білім сапасы мен даму деңгейі, құндылықтар мен қоғамдық-саяси құбылыстарға көзқарас, азаматтық белсенділік таныту және жастар саясаты саласындағы мемлекеттік құрылымдар қызметінің тиімділігін бағалау сияқты мәселелердің кең шеңбері бойынша жас адамдар пікірінің жай-күйі мен динамикасын қалыптастыру болып табылады.

Зерттеу қолданбалы сипатты қамтиды, өйткені қазіргі қазақстандық жастардың негізгі ерекшеліктерін анықтайтын негізгі аспектілерді жүйелендіреді. Зерттеу нәтижелері жауапты мемлекеттік органдардың түзетуші ықпалын қалыптастыруға, жастар ортасындағы әлеуметтік құбылыстардың даму деңгейі мен динамикасы туралы қалың жұртшылықты хабардар етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2021 жылдың басындағы деректеріне сәйкес қазақстандық жастар ел халқының құрылымында 19,8%-ды құрайды және маңызды стратегиялық және кадрлық ресурс болып табылады. Жастар әлеуметтік қатынастарда, материалдық және рухани игіліктерді өндіруде маңызды рөл атқарады. Тәжірибе көрсеткендей, жастардың қоғамдағы жағдайы және оның әлеуметтік ортаны дамытуға қатысу дәрежесі мемлекетке де, жастардың әлеуметтік-саяси белсенділік деңгейіне де байланысты.

Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен жастар арасындағы қарым-қатынас саласын реттейтін негізгі нормативтік құқықтық құжат – «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылғы 9 ақпандағы Заң, бұл құжатта жастардың мақсаты, міндеті, бағыттары, сондай-ақ жастарды мемлекеттік қолдау механизмдері айқындалған, әлеуметтік және саяси құқықтары жазылған.

Еліміздің жас тұрғындарының ерекше рөлі туралы үнемі айтылып жүр, жастардың Қазақстан болашағы үшін маңыздылығына баса назар аударылады және қазақстандық жастардың жауапкершілігін тәрбиелеудің және белсенді азаматтық ұстанымының маңызы туралы айтылады. Мемлекет жастардың шығармашылық және кәсіби тұрғыдан танылу мүмкіндіктерін кеңейту, олардың әлеуметтік әл-ауқат деңгейін арттыру саласында күш жұмсап келеді.

Жастарды әлеуметтік-экономикалық процестерге тиімді интеграциялау үшін жастар ортасындағы мәселелерді зерттеу және жастармен жұмыс істейтін мамандардың құзыреттілігін арттыру қажет.

Осы зерттеудің өзектілігі мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін қамтамасыз ету көбінесе жастардың мемлекеттік жастар саясатына қатысты негізгі үрдістерді анықтауымен байланысты. МЖС реттеу мен дамытуға бағытталған әлеуметтік институттар, ұйымдар мен мемлекеттік бағдарламаларға қатысты жас қазақстандықтардың пікірлері мен бағаларын талдау жастар саясаты саласындағы жағдай, осы саладағы жастардың қажеттіліктері мен үміттері туралы сенімді ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның әдіснамалық бөлігі

Зерттеу мақсаты – Қазақстан жастары өмірінің түрлі аспектілерін зерделеу және мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігі жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

Міндеттер:

- жастардың денсаулық жағдайы мен бос уақытын зерттеу;
- білім беру деңгейін және жастардың ғылыми қызметке тартылуын бағалау;
- жастардың әлеуметтік көңіл-күйін зерттеу;
- жас қазақстандықтардың құндылықтары мен мүддесін анықтау;
- жастардың діншілдік деңгейін және оған әсер ететін факторларды анықтау;
- жастардың қоғамдық-саяси көңіл-күйін анықтау;
- жастар ұйымдарының қызметіне, сондай-ақ жастарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға жастардың қатысу деңгейін анықтау;
- мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігі жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу объектісі – әлеуметтік-демографиялық және аумақтық сипаттамалары бойынша қайталап таныстыратын параметрлер бойынша таңдап алынған Қазақстан Республикасының 14 жастан 28 жасқа дейінгі тұрғындары (жастар).

Зерттеу мәні – Қазақстан жастарының денсаулық және бос уақыт, білім және ғылым, әлеуметтік-экономикалық жағдай, құндылық бағдарлары мен мүддесі, қоғамдық-саяси процестер сияқты өмірдің негізгі аспектілерін бағалауы.

Негізгі ұғымдарды түсіндіру

Мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық және құқықтық шаралар жүйесі. Мемлекеттік жастар саясатының мақсаты – жастардың толыққанды рухани, мәдени, білім, кәсіби және физикалық дамуына жағдай жасау, шешімдер қабылдау процесіне қатысу, табысты әлеуметтену және оның әлеуетін елді дамытуға бағыттау үшін жағдай жасау.

Жастар – бұл жас ерекшеліктерінің жиынтығы, әлеуметтік жағдайдың сипаттамалары және белгілі бір әлеуметтік-психологиялық қасиеттер негізінде ерекшеленетін әлеуметтік-демографиялық топ. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, осы зерттеуде жастар ретінде Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары таңдалды.

Әлеуметтік көңіл-күй – тұлғаның өмірлік стратегиясын іске асырудың интегралды сипаттамасы, қоршаған шындыққа көзқарасы, оның субъективті тұстары, танымдық форма ретінде ұсынылған талаптар деңгейі мен субъектінің қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі арасындағы байланыс.

Қоғамдық-саяси көңіл-күй – адамдардың елеулі бөлігінің нақты әлеуметтік-саяси шындыққа, оның белгілі бір аспектілеріне осы адамдардың талаптары, қажеттіліктері мен мүддесіне сәйкестігін жалпы эмоционалды-рационалды бағалау.

Құндылықты бағдарлар – адамның санасында стратегиялық өмірлік мақсаттар және жалпы дүниетаным бағыттары ретінде танылған құндылықтар көрінісі.

Зерттеудің әдістемелік бөлімі

Осы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін ақпарат жинаудың сандық және сапалық әдістері – респондентпен жеке сұхбат, сондай-ақ сараптамалық сұхбат арқылы сауалнаманы қолдана отырып жаппай сауалнама қолданылды.

Ақпарат жинаудың негізгі әдісі ретінде 14 пен 28 жас аралығындағы жастарға жаппай сауалнама, «face-to-face» жүргізілді. Бұл әдіс жастар ортасындағы жағдай туралы барынша объективті ақпарат алуға мүмкіндік берді. Жаппай сауалнама іріктеме негізінде таңдалған және зерттеуге жиынтығында әлеуметтік топтың құрылымын құрайтын респонденттердің көбірек санын қамтуды көздейді. Жаппай сауалнама нәтижелері негізінде белгілі бір дәлдікпен бұқаралық мінез-құлық туралы болжам жасалады. Жаппай сауалнамалардың негізгі мақсаты – адамдардың пікірлері, уәждері мен әлеуметтік құбылыстарға беретін бағасы, қоғамдық, топтық және жеке сананың құбылыстары мен жағдайлары туралы ақпарат алу.

Сараптамалық сауалнама – сауалнама түрі, оған белгілі бір қызмет саласында жоғары білікті маман болып табылатын респонденттер қатысады. Бұл әдіс мамандардың көзделген мәселені талдауға және шешуге құзыретті қатысуын білдіреді.

Әлеуметтанулық зерттеулер тәжірибесінде: қандай да бір құбылыстың дамуын болжау; жаппай сауалнаманың шынайылық дәрежесін бағалау үшін қолданылады.

Сарапшылардың пікірлері негізінде қабылданған бағалау мен шешімдердің сенімділігі өте жоғары және көбінесе алынған пікірлерді жинау, талдау және өңдеу процедурасының ұйымдастырылуы мен бағытына байланысты. Процедураның өзі: зерттелетін жағдайды талдауды; сарапшылар тобын таңдауды; сараптамалық бағаларды өлшеу тәсілін таңдауды; сарапшылар жұмысын тікелей бағалау процедурасын; алынған деректерді талдауды көздейді.

Сараптамалық сұхбат сарапшымен келісу бойынша бірнеше тәсілмен жүргізілді:

- интервьюер сарапшымен жеке сұхбат жүргізеді;
- интервьюер телефон арқылы сұхбат жүргізеді;
- сарапшы сұрақтарға жазбаша жауап береді және файлды e-mail арқылы жолдайды.

Іріктемелі жиынтық көлемі 2000 респонденттен құралады. Әлеуметтанулық зерттеу аумағы Қазақстан Республикасының барлық өңірлерін – республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын, 14 облыс орталығын, сондай-ақ ауылдық елді мекендерді қамтиды. Зерттеуде квотасы бар стратификацияланған көп сатылы іріктеу қолданылады. Бастапқыда облыстар мен қалалар бойынша халық санына қарай елдің өңірлері бойынша іріктеменің көлемі айқындалатын болады. Бұдан әрі әрбір өңір бойынша қалалық және ауылдық іріктеменің көлемі есептелетін болады.

Жоба бойынша іріктемелі жиынтықты есептеу, адам*

	Барлығы	Қала халқы	Ауыл халқы	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1129	871	1019	981
Ақмола	76	33	42	39	37
Ақтөбе	95	64	31	48	47
Алматы	209	43	166	109	100
Атырау	71	36	35	36	34
Шығыс Қазақстан	130	78	51	67	63
Жамбыл	126	47	80	65	62
Батыс Қазақстан	68	34	34	35	33
Қарағанды	141	109	32	73	69
Қостанай	86	47	39	44	42
Қызылорда	93	39	54	49	45
Маңғыстау	78	29	49	40	38

	Барлығы	Қала халқы	Ауыл халқы	Ерлер	Әйелдер
Павлодар	72	48	24	37	36
Солтүстік Қазақстан	53	23	30	28	25
Түркістан облысы	247	45	203	132	116
Нұр-Сұлтан	118	118	0	57	61
Алматы	209	209	0	98	111
Шымкент	127	127	0	63	65

*Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2020 жылғы 1 қаңтардағы деректері бойынша

Осы зерттеуде бақылау бірліктерін іріктеу бірнеше кезеңде жүргізілді:

1. Облыстар бойынша іріктеу – облыстар және Республикалық маңызы бар қалалар бойынша 14 пен 28 жас арасындағы халық санына қарай елдің 17 өңірі бойынша іріктеменің көлемі айқындалды.

2. Қала-ауыл қағидаты бойынша іріктеу – әр облыста қалалық және ауылдық іріктеме көлемдері есептелді. Сауалнамада барлық облыс орталықтары, жекелеген шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер қамтылған.

3. Сауалнама нүктелерін іріктеу – қалалық және ауылдық елді мекендерде аталмыш елді мекеннің картографиялық тізімінен шағын аудандар мен көшелерді кездейсоқ іріктеу жүргізіледі.

4. Үй шаруашылығын іріктеу – бағыт бойынша бастапқы нүктеден «сол қол» ережесіне сәйкес квоталар бойынша келген 1 респондент мөлшерінде бір үй шаруашылығына белсенді сұхбаттарды шектей отырып, қаладағы іріктеменің 5-ші қадамы және ауылда іріктеменің 3-ші қадамымен үй шаруашылығы іріктеледі. Бастапқы нүкте ерікті түрде таңдалады.

5. Респондентті квота бойынша іріктеу – әрбір жеке алынған үй шаруашылығында респонденттер екі белгі бойынша жүргізіледі – жынысы мен жасы – жыныстық-жас квотасы – респонденттің жасы 14 жастан төмен және 28 жастан жоғары болмауы, сондай-ақ жынысы бойынша репрезентативтік өкілдік (респондент ерлер мен әйелдердің саны Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес әрбір облыс, қала және ауыл бойынша есептелген).

Іріктеме репрезентативті болып табылады, яғни бөлінген параметрлер бойынша респонденттердің құрамы бас жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жақындайды. Бұл ретте іріктемелі жиынтықтың орташа сипаттамасының бас жиынтықтың орташа сипаттамасынан ауытқуы $\pm 2,19\%$ -дан аспайды.

Сараптамалық сауалнаманың іріктемелі жиынтығы 15 сарапшыдан құралады.

Сарапшылар ретінде еліміздің 8 өңірінен мемлекеттік органдарда, коммерциялық емес ұйымдарда және консультативтік-кеңесші органдарда жастар саясаты саласындағы мамандар қатысты.

Инструментарий құрылымы

Бастапқы ақпаратты жинау үшін белгілі бір ережелерге сәйкес тұжырымдалған және өзара байланысты сұрақтар жиынтығын қамтитын көбейтілген құжат – әлеуметтанулық зерттеу сауалнамасы қолданылды. Әлеуметтанулық сауалнаманың ерекшелігі мен қасиеттері, оның көлемі, құрылымы, сұрақтар құрылысының ерекшелігі тығыз байланысты және осы құралды қолдану жоспарланған сауалнама түрімен, сондай-ақ зерттеу объектісінің ерекшеліктерімен анықталады. Респонденттерге сауалнама 2 тілде жүргізілді: респонденттің таңдауына байланысты қазақ және орыс тілдерінде. Зерттеудің далалық кезеңінде

ақпарат жинауды өңірлік супервайзерлер басшылығымен арнайы дайындалған интервьюерлер іске асырды.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеудің далалық кезеңінің қорытындысы бойынша интервьюерлердің жұмысына бақылау жүргізілді (сауалнамалардың толтырылуының дұрыстығын 100% тексеру және телефон арқылы 30% бақылау), сондай-ақ деректерді кодтау, енгізу және өңдеу.

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір өлшемді, екі өлшемді кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдаулар лицензияланған, орыстандырылған SPSS компьютерлік бағдарламасының көмегімен орындалды.

Ақпаратты талдау әдістері

Бастапқы әлеуметтанулық ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

- 1) бір өлшемді деректерді талдау;
- 2) екі өлшемді деректерді талдау;
- 3) корреляциялық талдау.

Әлеуметтанулық зерттеуді ұйымдастыру кезеңдері:

1-кезең. Әлеуметтанулық сауалнаманы дайындау.

Мыналарды қамтитын бағдарламаны әзірлеу:

- проблемалық жағдайды анықтау;
- таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерге шолу;
- мақсаттар мен міндеттерді қою;
- тұжырымдамаларды операцияландыру;
- гипотезаларды ұсыну;
- іріктемелі жиынтықты жобалау.

Эмпирикалық ақпаратты жинауға арналған құралдарды (сауалнамаларды) әзірлеу:

- сауалнаманы аудару;
- аспаптарды тексеру.

2-кезең. Эмпирикалық материалдарды жинау.

Сауалнаманы ұйымдастыру:

- интервьюерлерді таңдау, даярлау, нұсқама жүргізу;
- сауалнама учаскелерін бөлу;
- сауалнама бірліктерін таңдау;
- сауалнамалар мен сауалнамаларды толтыру бойынша нұсқаулықтарды тарату;
- сұхбат жүргізу.

3-кезең. Әлеуметтанулық деректерді өңдеу және түсіндіру:

- статистикалық деректерді талдау және өңдеу (SPSS) үшін бағдарламада макет жасау;
- сауалнамаларды кодтау (респонденттердің ашық жауаптарын кодтау);
- сауалнама деректерін енгізу;
- өрісті басқару;
- әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша сызықтық есептер мен есептерді өңдеу және шығару;
- статистикалық талдаудың басқа түрлерін қолдану.

4-кезең. Алынған деректерді талдау.

Бастапқы талдау жүргізу:

- сауалнама нәтижесінде анықталған тәуелділіктерді анықтау;
- кестелер шығару;
- диаграммалар құру.

Деректерді қайта талдау:

- салыстырмалы талдау;
- қосымша ақпаратты тарту;
- жаңа болжамдар мен ұсыныстарды ұсыну;
- зерттеудің қорытынды есебін дайындау.

II. ЖАСТАРҒА ЖАППАЙ САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Зерттеуге 14-18 жас (33,2%), 19-23 жас (30,0%) және 24-28 жас (36,8%) аралығындағы азаматтар қатысты. Респонденттердің гендерлік құрамы 1001 ер адамнан (50,1%) және 999 әйелден (49,9%) құралады. Қала-ауыл бөлінісінде зерттеуге 1141 қалалық (57,1%) және 859 ауылдық (43,0%) тұрғын қатысты.

Жалпылама түрде 77,0% респондент қазақ ұлтының өкілі, жынысы мен жасы бойынша бірдей бөлінеді. Қазақстандық жастарға білімнің жоғары деңгейі тән: респонденттердің 40%-дан артық бөлігінде жоғары білімі немесе ғылыми дәреже бар.

67% респондент туыстары немесе ата-анасымен бірге тұрады. 66,6% респондент тұрмыста емес, бойдақ. Тек 2% бөлігі тіркелмеген некеде. Үштен екі бөлігінде (71,7%) балалары жоқ, алайда 4 және одан көп балалы отбасылар да бар (1,3%).

Жастардың шамамен 40% бөлігі жұмыс істейді немесе оқиды, ал 9% респондент жұмыс пен оқуды қатар алып жүр. Жастардың 44,5% бөлігі өз қаражатына күн көреді, тағы 40% респондентті ата-анасы қамтамасыз етеді.

Жұмыс істемейтіндер үлесі 44%-дан асады. Еңбек ететіндер арасында қызмет көрсету, сауда, ғылым, мәдениет және білім салаласының жастары көбірек болды.

1. ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН БОС УАҚЫТЫ

Жастардың денсаулыққа көзқарасы

Жастар арасында салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру жалпы қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Даму саясатын қалыптастыруда жастардың белсенділігі жоғары мәнге ие, өйткені ол денсаулық мәдениетіне әсер ететін процестерді көрсетеді.


Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жалпы жастар үшін профилактика мәселелері маңызды болып табылады: 10% респондент ғана профилактикалық тексеруде болмаған, 26,1% бөлігі жылына екі немесе одан көп рет тексеруден өтеді (№1 диаграмма).

№ 1 диаграмма. «Сіз профилактикалық тексерілуден қаншалықты жиі өтіп тұрасыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




Сонымен қатар, өткен жылмен салыстырғанда 2021 жылы профилактикалық тексеруден өтіп көрмеген жастар саны артқаны байқалады (№2 диаграмма).

№ 2 диаграмма. «Сіз профилактикалық тексерілуден қаншалықты жиі өтіп тұрасыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, 2020 және 2021 жылдардағы деректерді салыстыру, %




Қыздар профилактикалық тексеруден жиі өтіп, денсаулығына көбірек көңіл бөледі. Профилактикалық тексеруге ешқашан бармайтындар үлесі 8,1% болды, ерлер арасында бұл көрсеткіш – 11,9% (№3 диаграмма).

№ 3 диаграмма. «Сіз профилактикалық тексерілуден қаншалықты жиі өтіп тұрасыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, гендерлік бөлім, %




Жастар жыныстық жолмен берілетін инфекциялар туралы әртүрлі деңгейде хабардар. 65,3% респондент жыныстық жолмен берілетін инфекциялар туралы жақсы білетініне сенімді. 10,7% – жыныстық жолмен берілетін инфекциялар туралы ештеңе білмейді. Жалпы, бұл инфекциялар туралы хабардарлық деңгейі өте жоғары, оны «орташа деңгейден жоғары» деп бағалаған жөн (№4 диаграмма).

№ 4 диаграмма. «Өтінемін, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардан (ЖЖБИ) хабардарлық деңгейіңізді бағалаңыз» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, жастар арасында денсаулығына байланысты проблемалар туындаған жағдайда өзін-өзі емдеумен айналысуды қалайтын адамдар деңгейі 22,5%-ды құрайды, дәстүрлі емес емдеу әдістерін 4,2% респондент таңдады, бұл ауруларды емдеуде кәсіби емес тәсілдің салдары туралы ақпаратты неғұрлым тиімді жеткізу қажеттілігін көрсетеді.

№5 диаграмма. «Сіз денсаулық мәселелері туындағанда әдетте қайда барасыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Интернет жастар үшін ақпарат алудың, оның ішінде жыныстық және репродуктивті денсаулық туралы ақпараттың негізгі көзі болып табылады, 34,5% респондент оны негізгі дереккөз ретінде көрсеткен. «Әлеуметтік желілерде талқылау» деген жауаптың үлесі басым болғандықтан («Жыныстық және репродуктивті денсаулық пен құқықтар туралы ақпаратты қайдан аласыз?» деген сұраққа 12,7% жауап), жастар ақпараттың аса сенімді емес көздеріне өтіп жатқаны байқалады.

Жыныстық және репродуктивті денсаулық туралы ақпарат көзі ретінде жедел желіні пайдалану тиімділігі төмен екенін айта кеткен жөн (1,4%) (№6 диаграмма).

№6 диаграмма. «Жыныстық және репродуктивті денсаулық пен құқықтар туралы ақпаратты қайдан аласыз» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %*




*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Жастар денсаулық деңгейіне оптимистік бағалайды, 72,3% респондент өздерін толық дені сау санайды, 1,8% бөлігінде ғана созылмалы аурулар бар (№7 диаграмма).

№7 диаграмма. «Сіз өзіңізді денсаулық жағдайы бойынша адамдардың қай тобына жатқызар едіңіз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



- Толығымен сау, ешқандай ауытқулары, көрінеу проблемалары немесе ақаулары жоқ
- Артық салмақ немесе керісінше проблемалары бар, көру қабілеті нашар, төзімділігі төмен және т.б.
- Созылмалы, бірақ асқынбаған ауруы бар (жұмыс, оқу және т.б. бойынша физикалық шектеулері жоқ)
- Созылмалы ауруы асқынған (білім алу мен физикалық еңбектен уақытша шектелген, күрделі операция жасатқан және т.б.)
- Мүгедектік, үздіксіз емделу қажет
- Жауап беруге қиналамын

Жастар салауатты өмір салтын ұстануда дұрыс тамақтануды басты деп санайды (44,5%). Әрі қарай темекі шегу, алкоголь, есірткі пайдаланудан бас тарту (27,5%), жүйелі түрде спортпен айналысу (22,2%) және гигиена сақтау (20,6%) аталды. Шынығы – салауатты өмір салтын ұстанудың ең танымал түрі (9,2%).

Салауатты өмір салтын жүргізу параметрлері туралы айтарлықтай біржақты, тар түсінік бар екенін айта кетеміз, өйткені «жоғарыда айтылғанның барлығы» деген жауап саны көп болды (37,3%).

№ 8 диаграмма. «Сіз үшін салауатты өмір салты дегеніміз не?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %*



*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Келесі факт қызықты: шамамен 35% респондент әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізу сияқты жаман әдеті бар екенін айтады. Сондай-ақ, жастар кеш жатып, 6 сағаттан аз ұйықтайды (32,1%).

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда жастар дұрыс тамақтануды бірінші орынға қойғанына қарамастан, 24,2% респондент жартылай фабрикаттар, фаст-фуд және басқа да зиянды тағамдар жейтіндерін айтты.

1,1% жастардың ғана жаман әдеті жоқ (№9 диаграмма)

№9 диаграмма. «Сізге төмендегі жаман әдеттердің қайсысы көбірек тән?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %*



*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

«Әлеуметтік желілерде өте көп уақыт өткіземін» деген жауап деңгейі ауылдық жерлерде жоғары екенін айта кеткен жөн (ауылдық 38,4% және қалалық 32,1% респондент).

Қала жастары зиянды әдеттердің қатарында «24:00-ден кейін жатамын немесе күніне 6 сағаттан аз ұйықтаймын» деген жауапты жиі таңдады (34,1%), осы тұрғыда ауыл жастарының үлесі 29,4% болды.

№1 кесте. «Сізге төмендегі жаман әдеттердің қайсысы көбірек тән?» деген сұрақтың жауаптарын елді мекен түрі бойынша бөлу, %


	Қала	Ауыл
24:00-ден кейін жатамын немесе күніне 6 сағаттан аз ұйықтаймын	34,1	29,4
Әлеуметтік желілерде өте көп уақыт өткіземін	32,1	38,4
Пайдасыз тамақты жиі жеймін	24,6	23,7
Аз қозғалысты өмір салтын ұстанамын	19,1	16,1
Темекі, вейп немесе электрондық темекі тартамын	14,9	12,0
Бейне ойындарға өте көп уақыт кетіремін	11,3	12,5
Балағат сөздер жиі айтамын	9,3	6,9
Аптасына екі реттен жиі алкоголь ішемін	3,7	2,8
Құмар ойындарын ойнаймын	1,4	0,6
Насыбай атам (шегуге келмейтін темекі өнімі)	0,3	0,5
Есірткі қолданамын, оның ішінде марихуана, кокаин, LSD	0,1	0,1
Снюс қолданамын	0,1	0,0
Жаман әдеттерім жоқ	11,5	6,2
Жауап беруге қиналамын	6,2	5,6

Физикалық белсенділікке көзқарас

Салауатты өмір салтын насихаттау үшін көптеген шаралар қабылдануда, әсіресе карантин кезінде. Сауалнама нәтижелері жастардың дене шынықтырумен немесе спортпен шұғылдануының айтарлықтай жоғары деңгейін көрсетті: 61% респондент спортпен ара-тұра немесе үнемі айналысатынын айтты. Бұл ретте респонденттердің үштен бірінен артық бөлігі (38,4%) спортпен сирек айналысатынын немесе ешқашан айналыспайтынын айтты.


Жастардың шамамен 32,7% бөлігі тұрақты емес дене белсенділігіне тартылғанын ескере отырып, дене шынықтырумен тұрақты айналысу үшін жағдай жасауға және танымал етуге байланысты шараларды ұлғайту қажеттілігі айқын көрінеді.

№10 диаграмма. «Сіз дене шынықтырумен, спортпен айналысасыз ба, жоқ па?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Ауыл тұрғындары мен қала тұрғындарының жауаптарын салыстыра отырып, ауыл жастары дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуға (24,5%) айтарлықтай аз тартылғандығы атап өтілді. Ауыл тұрғындары спортпен ара-тұра немесе өте сирек айналысатынын жиі айтады (сәйкесінше 34,2% және 27%).

№11 диаграмма. «Сіз дене шынықтырумен, спортпен айналысасыз ба, жоқ па?» деген сұрақтың жауаптарын елді мекен типі бойынша бөлу, %




Жастардың спортпен шұғылданатын жері бойынша қалауларын бөлу айтарлықтай дәрежеде қолжетімді спорттық инфрақұрылымның бар екенін көрсетеді: осылайша, 30,4% респондент спорт кешенінде, 18,5% – фитнес-клубта спортпен айналысатынын немесе айналысқысы келетінін айтты.

31,3% респондент спортпен үйде, ал 24,8% – аулада айналысады. Спортпен айналысу орындары арасында танымалдылығы бойынша келесі орында саябақтар аталды (11,2%) (№12 диаграмма).

Спортпен айналысуға арналған мамандандырылған және әдеттегі орындар арасындағы арақатынас спорттық қызметті ұтымды және тиімді ұйымдастыру үшін жағдайлармен қамтамасыз етілу пайдасына қалыптасқан жоқ.

№12 диаграмма. «Сіз спортпен қайда айналысасыз немесе айналысқыңыз келеді?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Спортпен айналыспайтындар үшін негізгі кедергі – жалқаулық пен апатия (37,8%), ынтаның болмауы (31,3%), денсаулықтың нашарлығы (19%). Респонденттердің бір бөлігі спорт кешендері мен фитнес-клубтарға бару үшін абонементтің қымбат бағасын (27,3%), сондай-ақ спорттық базаның ыңғайсыз орналасуын немесе жоқтығын (12,8%) атап өтті. 8% респондент жаттығуларды

ұйымдастыру мен өткізу сапасының төмендігін және сүйікті спорт түрі, жаттығулар жүйесі бойынша қолжетімді жаттығулардың жоқтығы туралы айтты (№2 кесте).

№2 кесте. «Сіздің ойыңызша, дене шынықтыру және спортпен айналыспайтын адамдарды одан не тоқтатады?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

	%*
Жалқаулық, апатия	37,8
Ынта жоқ	31,3
Бос уақыт жоқ	28,6
Спорт кешендері мен фитнес-клубтарға абонементтер құны жоғары	27,3
Денсаулық жағдайы нашар болуы	19,0
Спорттық база жоқ немесе қолайсыз жерде орналасқан	12,8
Жаттығуларды ұйымдастыру мен өткізудің төмен сапасы	8,0
Кез келген спорт түрі, жаттығулар жүйесі бойынша қолжетімді секция жоқ	8,0
Тиісті инфрақұрылым жоқ	7,0
Жаттығулар кестесі қолайсыз	5,5
Спортпен айналысу беделді емес	2,0
Ештеңе	0,7
Жоғарыда айтылғанның барлығы	0,1
Жауап беруге қиналамын	3,4

*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Өртүрлі қызмет түрлерімен айналысу мен ойын-сауық туралы сұраққа жауаптардың бөлінуі қызықты. Осылайша, волонтерлік және еріктілік қызмет, театрларға, музейлерге бару жастар арасында мүлдем танымал емес, әр жағдайда респонденттердің төрттен үш бөлігі бұл қызмет олардың өмірінде маңызды орын алмайтынын атап өтті.


Шығармашылық қызметпен байланысты белсенділік деңгейі өте төмен, мәселен жастардың 57,8% бөлігі шығармашылықпен мүлдем айналыспайды. Респонденттердің шамамен 28% бөлігі спортпен айналыспайтынын атап өткен жөн.

Жастар көп уақытын отбасымен өткізеді – аптасына 10 сағаттан артық (44,0%).

Жастардың өздері айтқандай, Интернет желісінде және әлеуметтік желілерде уақыт өткізу жастардың аптасына 7 сағаттан артық уақыт жұмсайтын зиянды әдеті болып табылады, сауалнамаға қатысушылардың 35,8% бөлігі осылай деп жауап берді.

Егжей-тегжейлі бөлу №13 диаграммада келтірілген.

№13 диаграмма. «Төмендегі істердің әрқайсысы апта ішінде қанша уақытыңызды алады?» деген сұрақтың жауаптарын қызмет түрлері, ұзақтығы бойынша бөлу, %



Жастардың бос уақыты

Жастардың бос уақытын қалай өткізетінін анықтау үшін респонденттерге «Сіз көбінесе қай саладағы іс-шараларға қатысасыз?» деген сұрақ қойылды. Жастардың үштен бірінен астамы (38,4%) ешқандай іс-шараларға қатыспайды. 27,4% жас респондент ойын-сауық және 16,1% мәдени бағдарламаларға қатысады. Әрбір бесінші респондент сауықтыру және спорттық іс-шараларға қатысатынын айтты. Рухани-адамгершілік және әлеуметтік іс-шараларға қатысу деңгейі тиісінше 6,8% және 14,7%-ды құрайды. Туристік қызмет демалыстың ең тартымды саласы болып табылады (6,4%) (№3 кесте).

№3 кесте. «Сіз көбінесе қай саладағы іс-шараларға қатысасыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

	%*
Ойын-сауық	27,4
Сауықтыру/спорт	20,6
Мәдени	16,1
Әлеуметтік	14,7
Рухани-адамгершілік	6,8
Туристік	6,4
Ешқандай іс-шараға қатыспаймын	38,4
Жауап беруге қиналамын	0,1


*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Қазіргі мәдениеттің жастар үшін ең қызықты бағыты заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану болып табылады, сондықтан 63% респондент «Тик-Ток» желісінің танымалдылығын атап өтті. Видео блог жүргізу 30,7% жастар үшін танымал, аниме мен киберспортты 23% және 21,3% респондент атап өтті.

Жастардың 5 қызығушылығына спорт кірді.

К-роп, хип-хоп, рэп, Q-роп сияқты музыкалық бағыттар жастар арасында аса танымал емес (12,8% - 17,8% респондент осы жауапты таңдады).

№14 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, жастарға заманауи мәдениеттің қандай бағыттары қызықты?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




*Сوما 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Бір қызығы, қазіргі заманғы мәдениет бағыттарының жалпы жастарға әсері оң бағаланады, 36,7% респондент мәдениеттің қазіргі бағыттары жас адамның жеке басының дамуына ықпал етеді деп санайды, 27,2% – қазіргі мәдени трендтердің дүниетанымға оң әсер ететініне сенімді. Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бір бөлігі (24,1%) теріс әсер туралы (адамның жеке қасиеттерінің бұзылуы және жастар арасындағы девиантты мінез-құлық деңгейінің артуы) айтты.

Әрбір бесінші адам қазіргі мәдениет пен оның бағыттары жас ұрпаққа айтарлықтай әсер етпейді деп санайды (№15 диаграмма).

№15 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, қазіргі мәдениеттің бағыттары жастарға қандай әсерін тигізеді?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




2. ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

Білім беру жүйесіне қанағаттану


Алған немесе алып жүрген білім сапасы 79,5% респонденті қандай да бір дәрежеде қанағаттандырады, бұл ретте 2019 жылы жүргізілген ұқсас зерттеу деректерімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 6,5%-ға төмендеді.

№16 диаграмма. «Сіз алған немесе алып жүрген білім сапасына қанағаттанасыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



7,4%-дан (БҚО) 70,5%-ға (Ақтөбе облысы) дейін сапаға қанағаттану бойынша жауаптардың айтарлықтай шашыраңқы болуы білім беру сапасын басқаруда жүйелі проблеманың бар екенін растайды. Мәселен, Қазақстанның батыс өңірлерінің тұрғындары (БҚО-ны қоспағанда), Түркістан және Қызылорда облыстарының жастары барынша қанағаттанады. Алматы, Шымкент, Маңғыстау облыстарының тұрғындары білім сапасына аз қанағаттанады.


№17 диаграмма. «Сіз алған немесе алып жүрген білім сапасына қанағаттанасыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын өңірлер бойынша бөлу, %



Елімізде білім берудің артықшылықтарына мыналар жатады: мектепте тегін білім беру, инфрақұрылымның болуы – кабинеттердің техникалық жабдықталуы және жаңа оқулықтардың болуы, халықаралық олимпиадаларға қатысу мүмкіндігі, оқытушылардың біліктілігі.

Айта кету керек, 18,5% респондент қазақстандық білім беру жүйесінде қандай да бір артықшылық жоқ деп санайды.


№18 диаграмма. «Еліміздегі білім берудің негізгі артықшылықтарын атаңыз» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

«Жаңа оқулықтардың болуы» және «жаңа оқу орындарын салу» сияқты факторлардың маңыздылығы артуын қоспағанда, соңғы екі жылда пікірлердің бөлінуі шамамен барлық өлшемдер бойынша аздап өзгерді.

№19 диаграмма. «Еліміздегі білім берудің негізгі артықшылықтарын атаңыз» деген сұрақтың жауаптарын бөлу (ішкі шеңбер – 2019 жылғы деректер, сыртқы шеңбер – 2021 жыл), %



Кемшіліктерге келетін болсақ, олардың тізімі өте кең. Отандық білім беру жүйесіндегі кемшіліктердің алғашқы үштігінде респонденттер жоғары оқу ақысын (35,3%), ұлттық бірыңғай тестілеуді (33,5%) және мектептердегі жаңа бағалау жүйесін (31,8%) атап өтті.

Мәселелердің екінші үштігінде төмен стипендия (23,8%), мемлекеттік гранттар санының жеткіліксіздігі (21,4%), сондай-ақ білікті педагогтардың жоқтығы (20,2%) орын алды.

Сондай-ақ, жастар білім беру ортасының сыбайлас жемқорлық деңгейі (18,5%), кабинеттердің техникалық жарақтандырылуының төмендігі (17,2%), сондай-ақ мемлекеттік тілде сапалы оқу материалдарының жетіспеушілігі (12,6%) аталды.

№20 диаграмма. «Елімізде білім берудің негізгі кемшіліктерін атаңыз» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




*Сома 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Қашықтықтан білім беру

Қашықтан білім беру соңғы екі жылда білім берудің негізгі формаларының біріне айналды, бұл ретте респонденттердің төрттен бірі (25,4%) әдеттегі тәсілмен оқу неғұрлым қызықты деп есептесе, тағы төрттен бірі (25,4%) әдеттегі тәсілмен оқу неғұрлым ыңғайлы деп санайды. 22,8% респондент қашықтықтан оқытуды дәстүрліге қарағанда нашар деп санайды.

Бұл ретте 13% жас респонденттің пікірінше, қашықтан білім беру дәстүрлі білім берудің жақсы баламасына айналуы мүмкін.


№21 диаграмма. «Сіз қашықтықтан оқыту формасына қалай қарайсыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Жалпы, жастар арасында дәстүрлі білім беруді қолдау деңгейі жоғары болғандықтан, респондент жастардың жартысынан көбі қашықтықтан оқытудың тиімділік деңгейін төмен (30,3%) немесе ортадан төмен (27,3%) деп бағалады.


2,1% респондент ғана қашықтан оқыту түрін жоғары тиімді деп санайды, 7,7% оның тиімділігінің орташадан жоғары бағалады (№22 диаграмма).

№22 диаграмма. «Сіздің пікіріңізше, қашықтықтан оқыту формасы қаншалықты тиімді?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Осы блок бойынша қорытынды сұрақ әрбір респондент үшін онлайн оқытудың ең тиімді форматы туралы сұрақ болды. 28,8% респондент телевидение немесе Интернет арқылы видеосабақтарды тиімді деп санайды, ал 27,4% – вебиналар мен онлайн сыныптарды тиімді білім беру форматы деп белгіледі.

№23 диаграмма. «Онлайн оқытудың қандай форматын өзіңіз үшін тиімді санайсыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




Ғылыми қызмет

Мемлекет проблемаларды шешу бойынша жұмыс жүргізіп, ғылым саласында қолдау көрсететіп жатқанына қарамастан, ғылыми қызмет жастар арасында әлі де танымал емес. Сауалнамаға қатысқан жастар арасында шамамен 11% адам ғылыми қызметпен айналысады.

Алдыңғы зерттеудің деректерімен салыстырғанда ғылымға қатысы бар жастар санының өскенін атап өту қажет (2020 жылы 8,8%).

№24 диаграмма. «Сіз ғылыми қызметпен айналысасыз ба (ғылыми зерттеулер, эксперименттер жүргізу, ғылыми мақалалар жазу және т.б.)?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Жастардың пікірінше, білім алушылардың зерттеулер мен ғылыми жобаларға қызығушылығын дамыту үшін оқу орындары ең алдымен іске асырылатын жобалар мен өнертабыстардағы жетістіктері үшін наградалар (31,6%) ұсынуы, оқушылардың ғылыми жұмыстарына жеке гранттардың санын (31,0%) арттыруы, сондай-ақ оқушыларды кафедралар мен ғылыми орталықтардың жобалық қызметіне жиі тартуы (29,8%) қажет.

№4 кесте. «Сіздің ойыңызша, орта мектеп оқушыларының/студенттердің зерттеуге, оқуға деген қызығушылығын дамыту үшін оқу орнында не істеу керек?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

	%*
Іске асырылатын жобалар мен өнертабыстардағы жетістіктер үшін наградалар беру	31,6
Оқушылардың /студенттердің зерттеу жұмыстарына жеке гранттар санын ұлғайту	31,0
Студенттерді кафедралар мен ғылыми орталықтардың жобалық қызметіне белсенді тарту	29,8
Оқушылардың / студенттердің инновациялық өзіндік жобаларын өткізу	24,6
Оқушылардың / студенттердің ғылыми зерттеулерін ұйымдастыру бойынша арнайы курстарға оқу сағаттарының санын ұлғайту	14,6
Оқушылардың / студенттердің өзіндік жұмысы үшін оқу жоспарындағы сағаттар үлесін ұлғайту	11,3
Белгілі бір ұйымға назар аудара отырып, дипломдық дизайнды жүргізу	10,3
Білім саласындағы реформалар	0,3
Жоғарыда айтылғанның барлығы	0,4
Жауап беруге қиналамын	13,4


*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Инклюзивті білім беру

Инклюзивті білім беру және жалпы қазақстандық білім беру жүйесі, жастардың пікірінше, ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қолайлы жүйеге жатпайды. «Сіз қазақстандық білім беру жүйесін ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қолайлы деп санайсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің жартысынан кем бөлігі «иә» (21,9%) немесе «дәлірегі, иә» (24,8%) деп жауап берді.

Сондай-ақ, жауап беруге қиналғандардың жоғары деңгейін (15,8%) атап өтеміз, бұл ең алдымен араласудың жеткіліксіз деңгейін және осы саладағы проблемалар туралы төмен хабардарлықты көрсетеді.


№25 диаграмма. «Сіз қазақстандық білім беру жүйесін ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қолайлы деп санайсыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Бұл тезис «Сіз мүмкіндігі шектеулі адамдарға жататын жастарды қолдау деңгейіне қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа жауап беруге қиналғандар санының жоғары болуымен расталады (19,1% респондент).


Қолдау деңгейіне толық қанағаттанбауды 9,0% респондент білдірді, 22,2% респондент дәлірегі, қанағаттанбайды.

№26 диаграмма. «Сіз мүмкіндігі шектеулі адамдарға жататын жастарды қолдау деңгейіне қанағаттанасыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Ауылдық жерлердегі жастар ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау деңгейіне көбірек қанағаттанады. Ауылдық жерлердегі жастардың 26,2%-ы қалалық 15,4% респондентпен салыстырғанда қолдау деңгейіне толығымен қанағаттанды. Жауап беруге қиналғандардың жоғары деңгейін ескеру қажет, бұл респонденттер мен қолдауға мұқтаж жастар арасында әлеуметтік байланыстың жоқтығын көрсетеді.

№27 диаграмма. «Сіз мүмкіндігі шектеулі адамдарға жататын жастарды қолдау деңгейіне қанағаттанасыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын тұрғылықты жері бойынша бөлу, %




3. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Болашаққа деген сенімділік (үрейді өлшеу)

Зерттеу нәтижелері қазіргі өмірлік жағдайға қанағаттанудың жоғары деңгейін көрсетеді, «Сіз жалпы қазіргі өміріңізге көңіліңіз толады ма?» деген сұраққа 52,1% респонденттің толық көңілі толады, 37,7% респондент «дәлірегі, көңілім толады» деп жауап берді.


9,1% респонденттің өз өміріне көңілі толмайды.

№28 диаграмма. «Сіз жалпы қазіргі өміріңізге көңіліңіз толады ма?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Бір қызығы, ауыл жастарының қазіргі өміріне көбірек көңілі толады. Сонымен, ауыл жастарының жартысынан көбі (59,3%) толығымен көңілі толады, ал 33,8% респондент «дәлірегі, көңілім толады» деген жауап берді. Қалалық жастардың 46,7% бөлігі ғана өміріне көңілі толады. Өрбір оныншы қалалық жастың өміріне көңілі толмайды (9,4%).

№29 диаграмма. «Сіз жалпы қазіргі өміріңізге көңіліңіз толады ма?» деген сұрақтың жауаптарын тұрғылықты жері бойынша бөлу, %



Жастар арасында ең үлкен үрейді олардың өмірі мен жақындары үшін алаңдаушылық тудырады (32,9%), бұл эпидемиологиялық жағдайға байланысты болуы мүмкін. Проблемалық жағдайлардың елеулі айырмашылығымен материалдық өмір сүру құралдарынсыз қалу мүмкіндігі (24,1%) және оқумен байланысты проблемалар (21,6%) болып табылады. Сондай-ақ, жастарды жұмысқа

орналасу проблемалары (19,6%) және жұмысынан айрылу ықтималдығы (12,6%) алаңдатады. Тұрғын үй мәселесі алаңдатарлық жағдайлар қатарында жоқ.

№5 кесте. «Төмендегі тізімнен өзіңізді қазіргі уақытта бәрінен көп мазалайтын жағдайларды таңдаңыз» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %


	%*
Өзімнің және жақындарымның өмірі үшін алаңдаушылық	32,9
Күнкөріске материалдық қаражатсыз қалу	24,1
Оқумен байланысты мәселелер	21,6
Жұмысқа орналасу мәселесі	19,6
Елдегі жемқорлық деңгейі жоғары болуы	14,3
Өзіңді өмірде таныта алмау	13,4
Жұмыссыз қалу	12,6
Елдегі, әлемдегі тұрақсыз саяси жағдай	11,3
Достарсыз қалу (жалғыздық)	6,9
Жақсы білім алудың мүмкін еместігі	5,9
Мемлекеттің жетілмегендігі	5,7
Мемлекет тарапынан шектеу, бақылау	4,7
Отбасын құра алмау	4,6
Махаббатыңды жолықтыра алмау	4,1
Жақын адамдармен өзара түсіністіктің болмауы	3,1
Ештеңе алаңдатпайды	0,5
Тұрғын үй мәселесі	0,3
Жауап беруге қиналамын	6,0

*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Айта кету керек, жастар арасында алаңдаушылық тудыратын белгілі бір жағдайлар болса да, олардың көпшілігі болашаққа сеніммен қарайды (47,3%), 30,7% респондент болашаққа байсалды, иллюзия мен үміттенусіз қарайды.

11,5% респондент алаңдаушылық бар екенін айтты, 1,3% бөлігінде қорқыныш пен үмітсіздік бар.

№30 диаграмма. «Сіз болашаққа қандай сезіммен қарайсыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Жас топтары тұрғысынан 14-18 жас аралығындағы жас тобында респонденттер неғұрлым оптимист және болашаққа сеніммен қарайтыны байқалады. Бұл ретте 24-28 жастағы ересек топтың респонденттері неғұрлым байсалды және болашаққа иллюзия мен үміттенусіз қарайды.

№6 кесте. «Сіз болашаққа қандай сезіммен қарайсыз?» деген сұрақтың жауаптарын жас топтары бойынша бөлу, %

	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
Сенімділік және оптимизммен	53,5	45,1	43,5
Байсалды, иллюзия мен үміттенусіз	27,1	30,9	33,8
Немқұрайлы, селқос	6,0	6,8	6,5
Үрей және мазасыздықпен	8,3	12,7	13,3
Қорқыныш және торығумен	0,8	1,5	1,5
Жауап беруге қиналамын	4,4	3,0	1,4

Болашақта жастар жақын адамдарынан айырылудан қорқады (26,4%), өз өмірлері үшін қорқады (20,9%). Сондай-ақ, жастар болашақта өзін таба алмаудан (21,3%) және өз әлеуетін іске асыра алмаудан қорқады (21,2%).

№7 кесте. «Сізді болашақта нелер ең көп алаңдатады?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

	%*
Жақын адамымнан айырылып қалу қорқынышы	26,4
Өзімді болашақта таба алмау қорқынышы	21,3
Өз әлеуетімді іске асыра алмау	21,2
Өмірім немесе денсаулығым үшін қорқу	20,9
Болашағым үшін қорқыныш	19,2
Ел мен қоғам болашағы үшін қорқу	17,3
Кедей болып қалуға қорқу	13,0
Жалғыз қалудан немесе опасыздық құрбаны болудан қорқу	7,3
Құрметке лайық болмаудан қорқу	3,4
Қорқыныш жоқ	2,2
ҰБТ/грантқа түсе алмай қалу	0,2
Жауап беруге қиналамын	8,4

*Сома 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Жастардың пікірі бойынша өзін сенімді сезіну үшін тұрақты жұмыс (52,8% жауап), жеке тұрғын үй (40,9%) және лайықты табыс деңгейі (39,9%) қажет.

Құқықтық тәртіптің жоғары деңгейі 6,9% жағдайда, 16,4% жағдайда таңдау құқығы көрсетілген. Осылайша, жастардың пікірінше, материалдық әл-ауқат мәселелері бірінші орында тұр.

№31 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, жастардың өзін сенімді сезініп, дамуы үшін не қажет?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Табысқа қол жеткізуге кедергі келтіретін неғұрлым маңызды себептердің тізімінде жастар мыналарды атап өтеді: сыбайлас жемқорлық және бюрократия (29,3%), мақсаттардың жеткіліксіздігі (24,5%), сондай-ақ кедейлік пен нашар экономикалық жағдайлар (20,3%) және байланыстардың болмауы (19%).

Сауалнамаға қатысушылардың бірдей саны жастардың жетістігі белгілі бір жеке қасиеттердің (18%) және практикалық тәжірибенің (18,2%) болуына байланысты деп санайды.

№32 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, жастарға жетістікке жету үшін нақты нелер кедергі келтіреді?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Өмір сүру жағдайларын жақсарту ниеті

Жоғарыда айтылғандай, тұрғын үй мәселесі респондент жастарды алаңдатпайды. Алдағы 2 жылда тұрғын үй жағдайын жақсартумен айналысу ниеті туралы сұраққа жастардың 41,2% «иә» деп берді. Жартысынан көбінің тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі жоспарлары жоқ.


№33 диаграмма. «Сіз алдағы 2 жылда тұрғын үй жағдайыңызды жақсартуға, пәтер, үй сатып алуға ниеттісіз бе?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Айта кету керек, тұрғын үй жағдайларын жақсартумен айналысқысы келетін 823 респонденттің 44,4% бөлігі өз қаражатын пайдалануды жоспарлап отыр, 5,9%-ы отбасының көмекке жүгінеді.

Қарыз қаражаты (6,8%) және ипотекалық несиелендіру (23,2%) тұрғын үй сатып алудың негізгі қолайлы тәсілдеріне жатады. Әрбір бесінші адам мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға ниетті (19,7%).

№34 диаграмма. «Сізге тұрғын үй сатып алудың қандай әдісі қолайлы?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Қаржылық міндеттемелер деңгейі

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастардың немесе отбасы мүшелерінің жартысына жуығында қандай да бір қаржылық міндеттемелер бар – несиелер, қарыздар – 49,5%.

Қалалық жерлерде жастардың қаржылық міндеттемелерінің деңгейі төмен, мәселен «Қазір Сіздің немесе отбасы мүшелерінің өтеуге тиісті қандай да бір қаржылық міндеттемелеріңіз бар ма (несие, ломбард, микронесиелеу ұйымы, таныстар немесе туыстардан алынған қарыздар)?» деген сұраққа оң жауап қалада 46,8% және ауылда 53,2% болды.

№8 кесте. «Қазір Сіздің немесе отбасы мүшелерінің өтеуге тиісті қандай да бір қаржылық міндеттемелеріңіз бар ма (несие, ломбард, микронесиелеу ұйымы, таныстар немесе туыстардан алынған қарыздар)?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

	Жалпы іріктеме бойынша	Қала	Ауыл
Иә	49,5	46,8	53,2
Жоқ	50,5	53,2	46,8

Міндеттемелердің басым түрі тұтынушылық кредит (74,6%), міндеттемелердің неғұрлым аз танымал түрі – таныстардан пайызбен қарыз алу (5,9%) болып табылады. Міндеттемелердің басым түрі тұтынушылық кредит (74,6%), міндеттемелердің неғұрлым аз танымал түрі – таныстардан пайызбен қарыз алу (5,9%).

Бизнесті ашу немесе дамыту үшін несиелер 7,6% жағдайда қолданылады, бұл тұтынушылық міндеттемелер бойынша міндеттемелерден әлдеқайда төмен: ипотека, автокредит, микрокредит. Тұтынушылық несиеден кейінгі міндеттемелердің ең танымал түрі – автокредит (17,2%), ипотека (14,8%).

Шұғыл мұқтаждықтарға қарыздарды пайдаланудың жоғары деңгейі (16,6%) және кредиттік картаны пайдалану (22,3%) ағымдағы мұқтаждықтарға арналған қаражатты іздестіру қажеттілігімен (кірістердің тұрақсыздығы, кірістердің төмен деңгейі, кедейлік тұзағы) байланысты проблемалардың бар екенін көрсетеді.

№35 диаграмма. «Сізде және отбасы мүшелерінде нақты қандай қаржылық міндеттемелер бар?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




Жалпы, қарыздарды төлеу бойынша өз мүмкіндіктерін бағалай отырып, респонденттердің едәуір бөлігі (41%) қарызды жүйелі түрде төлейтінін және олар үшін бұл проблема емес екенін айтты. Респонденттердің үштен бір бөлігі (30,4%) қарыздарын өтеу үшін шығындарын қысқартуға мәжбүр.

Жастардың шамамен 5,1% бөлігі қарыздардың бір бөлігін төлей алмайды, 7,5% респондент қарызды төлеу мүмкіндігі туралы сұраққа мүлдем төлей алмайтынын айтты.

Міндеттемелерді төлеу мүмкіндігіне қатысты проблема ауыл жастары үшін өткір тұр, мәселен, міндеттемелері бар 8% респондент (салыстыру үшін, қалада 7%) қарыздарын төлей алмайды, ауыл тұрғындарының 5,8% үлесі (қалада 4,5%) қарыздарының бір бөлігін төлей алмайды.

№36 диаграмма. «Өзіңіздің және отбасы мүшелерінің қарыздар мен несиелерді төлеу мүмкіндіктеріңізді қалай бағалайсыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



- Мен қарызды/несиені жүйелі түрде төлеп отырамын, мен үшін бұл мәселе емес
- Мен төлеп жүрмін/төлейін деп жүрмін, бірақ бұл менің шығындарымды қысқартуға мәжбүр етеді
- Мен қарызымды/несиемді төлеймін, бірақ соның салдарынан қатты қысылып қаламын
- Қарыздардың бөлігін төлеуге жағдайым жоқ
- Қазіргі уақытта қарыз төлейтін жағдайда емеспін

Кейінгі 2 жылдағы несиені ресімдеу мақсаттарына келетін болсақ, сатып алу тізімінде тұрмыстық техника, ұйымдық техника (42,4%), жиһаз (16,1%), автомобиль (9,9%), жылжымайтын мүлік (7,8%), сондай-ақ тұрғын үйді жөндеу немесе учаскені абаттандыру (7,3%) көш бастап тұр.

Айта кету керек, жастар тек ірі заттарға ғана емес, сонымен қатар отбасылық іс-шаралар, мерекелер, үйлену тойлары өткізуге (5,3%), білім беру (4,3%) және медициналық қызметтерге ақы төлеуге (3,1%) несие рәсімдеуге және төлеуге мәжбүр.

№37 диаграмма. «Кейінгі 2 жылда Сіз несиеге ... алып көрдіңіз бе» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



4. ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ МЕН МҮДДЕСІ

Жастардың құндылық бағдары

Жастардың құндылықтар жүйесін анықтау үшін респонденттерден тізімнен маңызды ұғымдарды таңдау ұсынылды. Сауалнама нәтижелері отбасы, денсаулық және достыққа байланысты дәстүрлі құндылықтардың үстемдігін көрсетті (тиісінше 82,3%, 45,6% және 23,1%). Материалдық қамтамасыз етілген өмір (20,7%) құндылықтар тізімінде сенім мен дін мәселесінен жиі айтылады (16,2%).

Билікке деген қажеттілік шамалы және 2,8% құрайды, қоғамдық танылу, атақ немесе бедел жастар арасында басымдық етпейді (1,4%).

№9 кесте. «Сіз үшін өмірдегі басты құндылық неде?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

	%*
Отбасы	82,3
Денсаулық	45,6
Достық	23,1
Материалдық қамтамасыз етілген өмір	20,7
Сенім, дін	16,2
Махаббат	12,0
Білім	11,1
Қызықты жұмыс, мамандық	9,1
Жан тыныштығы	8,8
Өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі құрметтеу	7,8
Мансап, қоғамдағы жоғары орын	5,2
Ләззат алу, көңіл көтеру мүмкіндігі	5,1
Адамдарға көмек	3,3
Биліктің болуы	2,8
Шығармашылық	1,5
Қоғамдық танылу, атақ, бедел	1,4
Жауап беруге қиналамын	0,6

*Сома 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, жастардың құндылықтар жүйесін қалыптастыратын негізгі институт – отбасы (70,0%). Одан кейін үлкен айырмашылықпен мектеп (10,5%), достар мен таныстар (6,6%) және университет (4,1%). Бұқаралық ақпарат құралдарына (0,8%) және дінге (0,3%) құндылықтардың рөлі мен қалыптасуына әсер етуі бойынша таңқаларлық төмен баға берілді, бұл ұсынылған жауап нұсқаларын жеткіліксіз түсіндірумен немесе көрсетілген әлеуметтік институттардың маңыздылығын дұрыс бағаламаумен байланысты болуы мүмкін.

№10 кесте. «Қалай ойлайсыз, жастардың құндылықтарын қалыптастыру кезінде қай әлеуметтік институт басты болып табылады?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

	%
Отбасы	70,0
Мектеп	10,5
Достар, таныстар	6,6
Университеті	4,1
Жұмыс орны	2,7
Балабақшасы	2,4
БАҚ	0,8
Дін	0,3
Жауап беруге қиналамын	2,6

Жастар ортасындағы үрдістерді анықтау мақсатында респонденттерге қазақстандық жастарға тән танымал трендтерді атау ұсынылды.

Ең танымал тренд – жоғары мобильділік (28,2%). Бұдан әрі диджитализация және заманауи технологияларды пайдалану процестері (20,7%), салауатты өмір салты және өмірдің серпінді қарқыны (тиісінше 19,3% және 19,2%) жүреді.

Нәтижелер 2020 жылғы алдыңғы зерттеуден айтарлықтай ерекшеленеді: трендтер тізімі өзгерді, танымалдық деңгейі, басымдылық қайта бөлінді. Мәселен, фриланс рөлі 1,3 есеге жуық өсті (13,2%-дан 17,2%-ға дейін), цифрландырудың мәні тұрақты өсуде (20,7%). Теріс үрдіс – байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықтың қалыптасуы (17,2%).

№38 диаграмма. «Өтінемін, қазіргі уақыттағы қазақстандық жастардың ең танымал трендтерін белгілеңіз» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




*Сوما 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Жастар құндылықтарының дамуына әсер ететін ең маңызды әлеуметтік институттар туралы жауаптардың біртекті сипатынан айырмашылығы (жауаптардың 70% деңгейінде отбасының рөлі басым), жеке тұлғалардың немесе адамдар топтарының әсері айтарлықтай өзгереді. Мәселен, билік өкілдері жастарға әсер етудің ең белсенді көзі ретінде 17,1%-ды көрсетеді деп күтілуде.

«Желілік» әсер ету көздері салыстырмалы рөл атқарады: блогерлер, вайнерлер, тиктокерлер (респонденттердің 16,2% жауаптары), бұл осы әсер ету арнасының жоғары маңыздылығын және қоғамдық пікірге айтарлықтай әсер ету деңгейінің болуын көрсетеді. Жастардың едәуір бөлігі үшін (үштен бір бөлігі, 31,2%) беделді адамдар немесе адамдар тобы көрсетілмеген, жауап беруге қиналғандардың деңгейі де жоғары (11,7%). Саяси партиялар көшбасшылары беделінің төмен деңгейін (8,5%) атап өткен жөн.

№39 диаграмма. «Қазақстанда және Сіздің өңірде қоғамдық пікірге ықпал ететін беделді адамдар немесе адамдар тобы бар ма? Егер бар болса, Сіздің сеніміңізге ие болған осы беделді адамдар қандай санатқа жатады?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Тілдік орта

Зерттеу барысында жастар арасында тілдердің қолданылуын зерттеуге әрекет жасалды.


43,9% респондент үй жағдайында қарым-қатынасты қазақ тілінде, 27,6% – орыс тілінде жүргізеді. Жастар арасында билингвистердің айтарлықтай жоғары деңгейін атап өткен жөн, 26,8% – орыс және қазақ тілдерінде сөйлейді. Басқа тілдерді қолданатын жастардың жиынтық үлесі 1,7%-дан аспайды.

№40 диаграмма. «Сіз үйде туғандарыңызбен қай тілде сөйлесесіз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




Ауыл жастары үйде қазақ тілін қолданғанды жөн көреді және орыс тілін азырақ пайдаланады (тиісінше 55,6% және 20,6%).

№41 диаграмма. «Сіз үйде туғандарыңызбен қай тілде сөйлесесіз?» деген сұрақтың жауаптарын елді мекен түрі бойынша бөлу, %



Жастар ортасындағы айтарлықтай билингвизм достармен қарым-қатынаста екі тілде сөйлейтіндердің үлесі қазақ тіліндегі қарым-қатынастың төмен деңгейінің есебінен жоғары болуымен расталады (№42 диаграмма).

№42 диаграмма. «Сіз достарыңызбен қай тілде сөйлесесіз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейі туралы мәліметтер көрнекі. Егер орыс тілін сирек жағдайларда ғана білмейтін болса (жастардың 0,5%), қазақ тілін жастардың 4,6% бөлігі мүлдем білмейді, ал ағылшын тілін 19,8% респондент білмейді (№11 кесте).


Ағылшын тілін дамыту бойынша қабылданып жатқан шараларға (саясатқа) қарамастан, жастар арасындағы меңгеру деңгейі төмен, мәселен жастардың 47,8% тілді толық білмейді немесе жеке сөз тіркестерін біледі, тағы 22,2% респондент сөзді түсінеді, бірақ түсіндіре алмайды.

№11 кесте. «Сіз қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қаншалықты еркін меңгердіңіз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

Тілдер	Мүлдем меңгерген жоқпын	Меңгерген жоқпын, бірақ кейбір сөздерді түсінемін	Сөзді түсінемін, бірақ түсіндіре алмаймын	Сөзді түсінемін және түсіндіре аламын	Еркін сөйлеймін, оқимын, бірақ жазбаймын	Еркін сөйлеймін, оқимын және жазамын	Еркін меңгердім, соның ішінде кәсіби лексиканы білемін	Жауап беруге қиналамын
Қазақ	4,6	7,5	7,0	5,9	4,8	48,4	21,5	0,3
Орыс	0,5	1,8	6,9	10,5	7,7	49,6	22,4	0,6
Ағылшын	19,8	27,9	22,2	17,2	4,4	6,1	1,5	0,9


Жалпыланған мәліметтер көрсеткендей, респонденттердің 12%-дан астамы ағылшын тілін еркін меңгерген, ал жастардың 79,8%-ы орыс тілін, 74,7%-ы қазақ тілін біледі.

№43 диаграмма. «Сіз қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қаншалықты еркін меңгердіңіз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, % (топтастырылған жауаптар)



Тілге қатысты жағдайды зерделеу мемлекеттегі этносаралық саясатты бағалаумен тығыз байланысты. Республикадағы этносаралық саясатты жастардың басым көпшілігі оң бағалайды, осылайша оң көзқарас білдіргендердің үлесі 77,5%, теріс немесе дәлірегі, теріс – шамамен 10%-ды құрайды. Жауап беруге қиналғандар саны едәуір болғанын айта кеткен жөн, бұл осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмысты жариялап отыру деңгейінің жеткіліксіздігімен байланысты болуы мүмкін.

№44 диаграмма. «Сіз мемлекеттің жастар ортасындағы этносаралық саясатын қалай бағалайсыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Өңірлік тұрғыда Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарының жастары барынша оң баға берді.

Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстары мен Шымкент қаласындағы респонденттер этносаралық саясатты теріс бағалады.

№12 кесте. «Сіз мемлекеттің жастар ортасындағы этносаралық саясатын қалай бағалайсыз?» деген сұрақтың жауаптарын өңірлер бойынша бөлу, %

	Оң	Дәлірегі, оң	Дәлірегі, теріс	Теріс	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	36,8	42,1	10,5	2,6	7,9
Ақтөбе	63,2	22,1	2,1	2,1	10,5
Алматы	38,3	40,2	10,0	2,9	8,6
Атырау	56,3	25,4	2,8	0,0	15,5
Шығыс Қазақстан	29,2	41,5	13,1	3,1	13,1
Жамбыл	35,7	41,3	11,1	4,0	7,9
Батыс Қазақстан	17,6	44,1	13,2	1,5	23,5
Қарағанды	31,9	41,8	18,4	4,3	3,5
Қостанай	60,5	31,4	2,3	0,0	5,8
Қызылорда	52,7	22,6	1,1	2,2	21,5
Маңғыстау	35,9	35,9	5,1	3,8	19,2
Павлодар	18,1	54,2	1,4	2,8	23,6
Солтүстік Қазақстан	62,3	28,3	3,8	0,0	5,7
Түркістан	54,5	27,2	2,4	2,4	13,4
Нұр-Сұлтан	36,4	56,8	0,8	0,0	5,9
Алматы	32,5	35,9	6,2	4,3	21,1
Шымкент	31,0	40,5	12,7	4,8	11,1

Діни сенімдердің қалыптасуы

Діни бірегейлікті және жастардың дінге тартылу деңгейін анықтау мақсатында респонденттерге дінге қатысты бірқатар сұрақтар қойылды. Өздерін діншіл санайтын жастар оны іске асыруды маңызды деп санамайды, сондықтан тек 13,5% респондент діни нормаларды толық ұстанады, ал 19,2% бөлігі діни өмірге қатыспайды. Жастардың 39,1% және 12,6% бөлігі өздерін дінге сенушілерге жатқызғаны немесе жатқызбағанына қарамастан діни нормаларды ұстанады.

№13 кесте. «Өтінемін, айтыңызшы, Сіз өзіңізді діншіл адам санайсыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

	%
Діншілмін, діни қауым өміріне қатысамын, діни нормаларды толық ұстанамын	13,5
Діншілмін, бірақ мешіт, шіркеу және т.б. жерлерге мереке күндері ғана барамын, діни нормаларды өте сирек ұстанамын	39,1
Мен діншіл емеспін, бірақ кейде діни салттарды ұстанамын	12,6
Атеистпін	4,1
Діншілмін, бірақ діни өмірге араласпаймын	19,2
Діншіл емеспін, бірақ кейде мешіт, шіркеу және т.б. жерлерге барамын, діни нормаларды сақтаймын	2,4
Діншіл емеспін, бірақ діншілдерді құрметтеймін	2,9
Мен дінге бейтарап қараймын	3,8
Мен дінге қарсымын	0,6
Жауап беруге қиналамын	1,8


4,1% респондент өзін атеист ретінде сипаттады, жастардың шамамен 3,8%-ы дінге немқұрайлы қарайды, ал өте аз бөлігі (респонденттердің 0,6%) өздерін дінге қарсылар қатарына жатқызады. Егер терминологиялық ерекшеліктерге мән бермейтін болсақ, онда жас адамдардың шамамен төрттен бірі (дінге сенбейтіндер, атеистер, қарсыластар) өздерін діншілге жатқызбайды.

Қазақтар арасында ең көп таралған дін ислам болады деп күтілген (91,4%). Басқа этностық топтармен салыстырғанда, орыстар арасында ешқандай дінді ұстанбайтындардың үлесі өте жоғары (24,0%).

№45 диаграмма. «Өтінемін, айтыңызшы, Сіз өзіңізді қай дінге жатқызасыз?» деген сұрақтың жауаптарын этникалық тиістілік бойынша бөлу, %



Қала және ауыл жастарының діншілдік деңгейі әртүрлі, сондықтан қалада ешқандай дінді ұстанбайтындар немесе өздерін басқа конфессияларға жатқызатындар саны жоғары: 12,4% жас қала тұрғындары 11,2% ауыл жастарымен салыстырғанда ешқандай дінді ұстанбайды, ал қалалық жастардың 2,3% бөлігі басқа діни конфессияларға жатады.

№46 диаграмма. «Өтінемін, айтыңызшы, Сіз өзіңізді қай дінге жатқызасыз?» деген сұрақтың жауаптарын елді мекен түрі бойынша бөлу, %

Зерттеу көрсеткендей, діншілдік отбасында, туғаннан бастап немесе жақын ортаның әсерінен қалыптасады. Діни қызметкерлердің ықпалы салыстырмалы түрде мардымсыз (2,8%) болып қалуда, дегенмен, алдыңғы зерттеудің деректерімен салыстырғанда бұл фактор 1,5 есе өсті.

№14 кесте. «Өтінемін, айтыңызшы, Сіздің діни сеніміңізге, діншіл болу немесе болмау туралы таңдауыңызға кім немесе не ықпал етті?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %


	%
Туғаннан бері солай қалыптасты	37,1
Жақын айналамдағылардың ықпалы	23,1
Арнайы әдебиеттер, Интернет ресурстарды зерделеу	5,7
Имам, дін қызметшісі, миссионермен әңгімелесу	2,8
Өмірдегі маңызды оқиға	2,6
Сән үрдістерінің қоғамдағы діншілдікке ықпалы	0,6
Ештеңе ықпал еткен жоқ	20,9
Мен әлі анықтаған жоқпын	3,4
Жауап беруге қиналамын	3,8

5. АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Жастардың қоғамдық-саяси көңіл-күйі

Жастарды қоғамдық өмірге белсенді тарту орнықты дамуды қамтамасыз ету және тиімді демократиялық институттарды қалыптастыру үшін қажет. Саяси жаңалықтарға қызығушылықтың жоғары деңгейі жетілген қоғамды дамытуға жағдай жасалғанын растауы мүмкін. Өкінішке орай, жастардың үштен бірі (33,2%) саяси жаңалықтарға қызығушылық танытпайды немесе өте сирек (24,4%) немесе ара-тұра (24,6%) саяси оқиғалар туралы ақпарат алады.

№47 диаграмма. «Сіз саяси жаңалықтарға, оқиғаларға қызығушылық танытасыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Жастардың 17,7% бөлігі белсенді қызығушылық танытады. Сонымен қатар, ауыл жастары арасында 19% респондент күн сайын жаңалық көреді, ал қала жастары арасында осындай респонденттер үлесі 16,7%.

№14 кесте. «Сіз саяси жаңалықтарға, оқиғаларға қызығушылық танытасыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын елді мекен типі бойынша бөлу, %

	Қала	Ауыл
Қызығушылық танытамын (күн сайын жаңалық көремін, ақпараттық ресурстарды оқимын)	16,7	19,0
Белгілі бір дәрежеде қызығушылық танытамын (аптасына 1 - 2 рет саяси жаңалықтар көремін)	27,1	21,3
Өте сирек қызығушылық танытамын (айына 1 - 2 рет жаңалықтар көремін)	25,6	22,9
Мүлдем қызығушылық танытпаймын	30,5	36,8

Неғұрлым қызықты саяси ақпаратқа Қазақстандағы (44,9%) және өңірдегі (24,8%) жағдай туралы ақпарат жатады. Өлемдік саяси оқиғалар туралы ақпарат 22,8% жастар үшін қызықты (№48 диаграмма).

№48 диаграмма. «Сізді саяси жаңалықтарда бәрінен көп не қызықтырады?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Негізгі ақпарат көздері дәстүрлі түрде желілік көздер болып табылады, сондықтан әлеуметтік желілер немесе блогтар дереккөздер ретінде 54,3% жағдайда, Интернет-сайттар қазақстандық көздер үшін 30,9% жағдайда және шетелдік сайттар үшін 20,2% жағдайда көрсетілген. Баспа басылымдарының танымалдылығы он есе аз (№49 диаграмма). Республикалық телеарналар жаңалықтың маңызды көзі болып қала береді.


№49 диаграмма. «Сіз Қазақстандағы жаңалықтар мен оқиғаларды білу үшін қандай ақпарат көздерін бәрінен жиі қолданасыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды


Жастар арасындағы бейсаясаттылық сақталып отыр, сондықтан жастардың тек 26,6%-ы сайлауға қатысады, жастардың 27,1%-ы қоғамдық-саяси қызметке қатысуға мүлдем мүдделі емес.

№50 диаграмма. «Сіз сайлауға, оның ішінде 2021 жылғы қаңтарда өткен сайлауға қатыстыңыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Сондай-ақ, саяси партияларға қатысу деңгейі өте төмен екенін атап өткен жөн. 2,5% респондент ғана партияларға белсенді мүшелік етеді және олардың қызметіне қатысады. Партияға мүшелігін жастардың шамамен 5,2% растайды. Саяси партиялардың қызметіне басым көпшілігі – 90%-дан астамы қатыспайды.

№51 диаграмма. «Сіз қандай да бір саяси партияға мүше болып табыласыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Жастардың түрлі ұйымдар (кеңестер, ҮЕҰ, мемлекеттік және коммерциялық құрылымдар) қызметіне белсенді қатысуы қажетті коммуникация арналарын құруға және мүдделерді ілгерілетуге мүмкіндік береді. Жастардың көзқарасы бойынша ұйымдардың барлық түрлерінде ресми қарым-қатынастың жоғары деңгейі сақталуда, мысалы мемлекеттік ортада 17,8%-21,5% шегінде, ҮЕҰ мен бизнес секторда тиісінше 19,4% және 19,3% деңгейінде.

Респонденттердің пікірінше, жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын және шешім қабылдайтын жастардың ең көп саны мемлекеттік ұйымдарда – 26,6%.

Респонденттердің үштен бірінен көбі жастардың қандай да бір ұйымдарға қатысуын және олардың шешім қабылдауға қатысу мүмкіндігін бағалау қиынға соқты, бұл өз мүдделерін қорғауға позитивтік, ұйымдасқан қатысу тәжірибесінің жоқтығын көрсетеді.


№15 кесте. «Сіздің ойыңызша, аталған ұйымдардың қайсысында жастар өз мүдделерін білдіреді, құқықтарын қорғайды, шешім қабылдауға қатысады?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

	Қатарында бар және қатысады	Қатарында бар, өз құқықтарын қорғайды, бірақ шешім қабылдауға қатыспайды	Формалды қатысады, өз құқықтары мен мүддесін қорғамайды, шешім қабылдауға қатыспайды	Білмеймін/ Жауап жоқ
Мемлекеттік ұйымдар	26,6	24,2	17,8	31,4
Саяси партиялар	19,6	25,1	20,4	34,9
ҮЕҰ (Үкіметтік емес ұйымдар)	17,0	24,1	19,4	39,5
Бизнес-сектор	19,8	23,9	19,3	37,0
Консультативтік-кеңесші органдар (әкімдер жанындағы кеңестер, Қоғамдық кеңестер және т.б.)	16,9	22,0	21,5	39,6

Жастар ұйымдарының қызметі мен іс-шараларына қатысу да өте төмен. Жастардың 9,6%-ы ғана өз бастамасы бойынша белсенді қатысады. 6,6% респондент жұмыста немесе оқу орнында мәжбүрлеуге байланысты қатысады.

Жастар не жастар ұйымдарының қызметі туралы хабардар емес (31,2%), не олардың қызметіне қатысуға мүдделі емес (31,0%) (№52 диаграмма)

№52 диаграмма. «Сіз жастар ұйымдарының қызметіне/іс-шараларына қатысасыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Жастар ұйымдарының қызметіне қатысатын жастар үшін – 323 респондент, уәждеменің негізінде қоғамға, адамдарға пайдалы болу ниеті (57,1% жауап), жұмыс тәжірибесін, жалпы өмір тәжірибесін алу (34,4%), сондай-ақ әлемді жақсы жағына өзгерту ниеті (27,3%) бар.

Жоғары әлеуметтік мәртебе алуға (8,9%) немесе мансап сатысына көтерілуге (11,7%) ұмтылыспен байланысты жауаптардың саны едәуір.

№53 диаграмма. «Сіз үшін жастар ұйымдарының қызметіне қатысуға не түрткі болады?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




*Сома 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Сауалнама нәтижелері жастардың волонтерлік, еріктілік қызметпен айналысудағы белсенділігі де аса жоғары емес екенін көрсетті. Жастардың жартысынан көбі (52,9%) ерікті немесе волонтерлік қызметке қатыспаған және қатысуды жоспарламайды. Шамамен 24,4% болашақта волонтерлік қызметке қатысуды жоспарлап отыр.

Жастардың шамамен 5,1% бөлігі белсенді қатысушы-волонтер болып табылады, ерікті қызметке 14,6% респондент ара-тұра қатысады.

№54 диаграмма. «Сіз волонтерлік, еріктілік қызметпен айналысасыз ба (ақшалай сыйақы алмай, адамдарға ерікті түрде көрсетілетін көмек)?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Волонтерлік қызметке қатысатын немесе қатысуды жоспарлаған 879 респондентке адамдарды ерікті қызметпен айналысуға итермелейтінін атап өту ұсынылды. Жастар волонтерлік, ерікті қызметпен айналысудың негізгі себебін «басқаларға көмектесу ниеті» (75,3%) деп санайды. Бұдан кейін «айналада болып жатқан оқиғалар үшін жауапкершілік сезімі» (19,3%) және «әлемді өзгертуге деген ұмтылыс» (18,9%).

№55 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, адамдарды волонтерлік, еріктілік қызметімен айналысуға не ынталандырады?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды


Наразылық әлеуеті

Жастардың пікірінше, наразылық әлеуетінің деңгейі өте жоғары. Осылайша, респонденттердің төрттен бір бөлігі (22,8%-27,8% деңгейінде) жаппай көтерілу және наразылық акциялары мүмкін емес деп санайды. Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауына байланысты наразылық акцияларының ықтималдығы ең жоғары – 37,4% – ықтималдықтың жоғары және орташа деңгейі. Екінші орында әлеуметтік төлемдердің төмендеуі және проблемаларды шешу бойынша биліктің әрекетсіздігі (тиісінше 33,8% және 33,7%).

Этностық құқықтарға қысым көрсету себебінен наразылықтар ықтималдығы аз – 27,5%.

Ауылдық және қалалық жерлерде наразылық әлеуетінің деңгейі айтарлықтай ерекшеленеді, сондықтан қала тұрғындары көрсетілген себептер бойынша наразылықтардың туындау ықтималдығын ауыл жастарына қарағанда жоғары бағалайды.

№ 56 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, өңіріңізде келесі себептер бойынша бұқаралық қимылдар, наразылық акциялары болуы мүмкін бе?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Егер наразылық әлеуетінің деңгейін өңірлер тұрғысынан қарайтын болсақ, онда мынадай көріністі аламыз. Өңірлердегі наразылық әлеуетінің деңгейі айтарлықтай құбылмалы.

Бұл ретте азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауына байланысты Алматы қаласы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Жамбыл облыстарында наразылық акциялары ықтимал.

Әлеуметтік төлемдердің төмендеуіне байланысты Алматы, Шымкент қалаларында және Қарағанды облысында наразылық акциялары болуы мүмкін.

Алматы қаласы, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстарының респонденттері қала/ауыл проблемаларын шешудегі биліктің әрекетсіздігін наразылықтың себебі ретінде келтірді.

Еңбек қақтығыстары мен этникалық белгілері бойынша құқықтарға қысым жасауды наразылық білдіру себебі ретінде Солтүстік Қазақстан облысының респонденттері белгілегенін атап өту қажет.

Қандай да бір себептермен наразылық акцияларының ықтималдығының ең аз пайызын Нұр-Сұлтан қаласы мен Қызылорда облысындағы респонденттері көрсетті.

№16 кесте. «Сіздің ойыңызша, өңіріңізде келесі себептер бойынша бұқаралық қимылдар, наразылық акциялары болуы мүмкін бе?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу («ықтималдықтың жоғары дәрежесі» және «ықтималдықтың орташа дәрежесі» жауаптарының нұсқалары біріктірілген), %

	Азық-түлік пен дәрі-дәрмектің қымбаттауы	Әлеуметтік төлемдерді (жәрдемақы, зейнетақы, стипендия) төмендету	Биліктің әрекетсіздігі, қала/ауыл мәселелерін шешуге құлықсыз болу	Коммуналдық қызметтер тарифтерінің көтерілуі	Еңбек қақтығыстары	Этникалық белгі бойынша құқықтарға қысым жасау	Сыбайлас жемқорлық	Мемлекеттік және құқық қорғау органдары өкілдерінің озбырлығы	Елдегі жағдайға, биліктің саясатына наразылық
Қызылорда	4,3%	7,6%	5,4%	1,1%	2,2%	1,1%	4,3%	1,1%	3,2%
Нұр-Сұлтан	0,8%	0,8%	3,4%	0,8%	1,6%	0,8%	2,5%	1,6%	5,0%
Ақтөбе	26,3%	25,3%	16,8%	25,2%	29,4%	33,7%	17,9%	11,6%	14,8%
Ақмола	29,3%	34,2%	31,6%	26,4%	26,3%	21,1%	34,2%	23,7%	21,0%
Қостанай	11,6%	22,1%	26,8%	10,5%	16,3%	17,5%	23,3%	24,4%	25,6%
Алматы	33,4%	28,2%	27,7%	30,6%	26,0%	24,9%	25,4%	26,3%	27,3%
Маңғыстау	29,5%	14,1%	28,2%	25,6%	39,8%	15,4%	10,3%	27,0%	29,5%
Түркістан	37,9%	29,9%	26,8%	31,6%	29,6%	20,6%	33,2%	24,7%	29,6%
Павлодар	31,0%	30,5%	34,7%	26,4%	23,6%	22,2%	27,8%	36,1%	32,0%
Батыс Қазақстан	55,9%	26,5%	51,5%	54,4%	17,6%	20,6%	30,9%	20,6%	35,3%
Жамбыл	53,1%	35,7%	34,9%	43,7%	39,7%	35,7%	41,3%	34,1%	37,3%
Шығыс Қазақстан	49,2%	49,3%	40,8%	42,3%	34,6%	32,3%	44,6%	41,5%	43,0%
Солтүстік Қазақстан	32,1%	43,4%	45,2%	35,8%	52,8%	60,4%	41,5%	47,2%	43,4%
Шымкент	48,4%	52,4%	42,1%	39,7%	44,4%	39,7%	61,9%	44,4%	43,6%
Атырау	47,8%	38,0%	31,0%	49,3%	42,3%	26,7%	40,8%	28,2%	45,1%
Қарағанды	53,9%	50,4%	52,5%	56,7%	39,8%	36,9%	55,7%	46,1%	46,8%
Алматы	56,9%	56,0%	59,8%	47,9%	42,7%	46,9%	45,0%	50,7%	59,9%

Айта кету керек, Қазақстан жастарының жартысынан астамы кез келген себеп бойынша жаппай наразылыққа өз басы қосылуға дайын емес екенін айтты (№57 диаграмма). Жастарды наразылықтарға қосылуға мәжбүр ететін себептер – азық-түлік пен дәрі-дәрмектің қымбаттауы (20,7% - «иә» және «дәлірегі, иә» деген жауаптар жиынтығы), жемқорлық (19,5%) және әлеуметтік төлемдерді төмендету (17,9%).

Этникалық белгілері бойынша құқықтарға қысым жасалғанда (15,1%) және еңбек қақтығыстары туындағанда (15,6%) жаппай наразылыққа қатысуға әзірлік төмен деңгейде.

№57 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, өңіріңізде келесі себептер бойынша бұқаралық қимылдар, наразылық акциялары болуы мүмкін бе?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



«Сіздің ойыңызша, өңіріңізде келесі себептер бойынша бұқаралық қимылдар, наразылық акциялары болуы мүмкін бе?» деген сұрақтың жауаптары әр өңірде әрқалай болды. Бұл ретте Жамбыл облысының жастары қандай да бір себептер бойынша жеке қатысуға дайындығы бойынша «көшбасшылар» қатарында.

Жамбыл, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласының тұрғындары азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауына байланысты наразылықтарға шығады. Жемқорлық сипатындағы жағдайлар себебінен Шымкент қаласының, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары наразылыққа қатысады.

Солтүстік Қазақстан облысының жастары билік саясатына наразылығы себебінен наразылық акцияларына басқаларға қарағанда жиі қатысуға дайын – оның ішінде биліктің қала/ауыл проблемаларын шешудегі әрекетсіздігі, мемлекеттік және құқық қорғау органдары өкілдерінің озбырлығы. Сондай-ақ, бұл аймақта жастардың көпшілігі этникалық белгілері бойынша құқықтарының бұзылуына байланысты наразылыққа қатысуға дайын.

№17 кесте. «Сіздің ойыңызша, өңіріңізде келесі себептер бойынша бұқаралық қимылдар, наразылық акциялары болуы мүмкін бе?» деген сұрақтың жауаптарын өңірлер бойынша («Иә» және «Дәлірегі, иә» жауаптарының нұсқалары біріктірілген), %

	Азық-түлік пен дәрі-дәрмектің қымбаттауы	Жемқорлық	Әлеуметтік төлемдерді (жәрдемақы, зейнетақы, стипендия) төмендету	Коммуналдық қызметтер тарифтерінің көтерілуі	Еңбек қақтығыстары	Этникалық белгі бойынша құқықтарға қысым жасау	Биліктің әрекетсіздігі, қала/ауыл мәселелерін шешуге құлықсыз болу	Мемлекеттік және құқық қорғау органдары өкілдерінің озбырлығы	Елдегі жағдайға, биліктің саясатына наразылық
Жамбыл	54,0%	39,7%	36,5%	43,7%	38,1%	31,7%	31,0%	36,5%	39,7%
Шымкент	37,0%	40,2%	31,5%	33,9%	28,3%	22,0%	29,9%	26,8%	25,2%
Түркістан	30,0%	29,1%	29,1%	29,1%	19,0%	17,9%	21,9%	23,5%	18,2%
Атырау	29,6%	28,2%	23,9%	26,8%	19,7%	15,5%	19,7%	21,1%	26,8%
Шығыс Қазақстан	28,2%	23,3%	22,5%	25,6%	17,8%	17,2%	15,5%	19,4%	18,6%
Қарағанды	22,0%	22,7%	19,9%	15,7%	14,2%	14,9%	19,9%	15,6%	18,4%
Алматы	20,1%	19,1%	18,2%	17,7%	18,2%	20,1%	20,6%	20,6%	21,6%
Маңғыстау	19,2%	1,3%	1,3%	6,4%	11,5%	3,8%	10,3%	9,0%	11,5%
Алматы	17,7%	19,6%	20,1%	14,4%	15,3%	17,2%	21,5%	18,2%	18,2%
Павлодар	15,3%	15,3%	12,5%	15,3%	15,3%	13,9%	18,1%	16,7%	19,4%
Солтүстік Қазақстан	13,2%	32,1%	26,4%	15,1%	20,8%	41,5%	32,1%	34,0%	35,8%
Батыс Қазақстан	7,4%	2,9%	2,9%	4,4%	2,9%	5,9%	14,7%	2,9%	4,4%
Ақтөбе	7,4%	5,3%	8,4%	6,3%	5,3%	4,2%	6,3%	5,3%	8,4%
Қостанай	7,0%	10,5%	9,3%	3,5%	9,3%	11,6%	15,1%	15,1%	18,6%
Ақмола	6,6%	9,2%	7,9%	3,9%	6,6%	5,3%	7,9%	7,9%	9,2%
Қызылорда	1,1%	0,0%	0,0%	1,1%	1,1%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%
Нұр-Сұлтан	0,0%	0,8%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	1,7%	1,7%	1,7%

Респонденттерден елдегі жағдайға наразылықты білдірудің қандай әдістері тиімді, қайсысы тиімді емес, сондай-ақ респонденттердің өздері үшін қайсысы қолайлы екенін бағалау сұралды.

Бұл жерде 50,6% - 74,5% респондент ұсынылған шараларды тиімсіз деп есептейтінін атап өту қажет.

Мәселен, сауалнамаға қатысушылардың пікірінше елдегі жағдайға наразылық білдірудің ең тиімді тәсілдерінің үштігіне әлеуметтік желілердегі наразылықты білдіру (42,5%), биліктің ресми органдарына жүгіну (41,4%), ресми тіркелген партиялар мен қозғалыстардың жұмысына қатысу (40,7%) кіреді. Өтініштер мен петициялардың тиімділігі (36,4%), сондай-ақ рұқсат етілген наразылық акциялары мен митингтерге қатысу (30,1%) біршама төмен.

Жастардың пікірінше, рұқсат етілмеген наразылық акцияларына және тіркелмеген немесе тыйым салынған қоғамдық қозғалыстар мен партияларға қатысу ең тиімсіз болып табылады.

Наразылықты білдірудің барлық ұсынылған әдістерінің өздері үшін рұқсат етілуін бағалау олардың тиімділігін бағалаудан да жоғары. Рұқсат етілмеген наразылық акцияларына және тіркелмеген немесе тыйым салынған қоғамдық қозғалыстар мен партияларға қатысу ерекше жағдай болып табылады. Олардың төмен тиімділігіне қарамастан, респонденттердің шамамен 15%-ы оларға қатысуды жоққа шығармайды.

Бұл ретте әрбір бесінші респондент наразылықты білдірудің қандай да бір тәсіліне қатысуын бағалау қиынға соқты.


№18 кесте. «Адамдар елдегі, қаладағы/ауылдағы жағдайға наразылықты әртүрлі білдіріп жатады. Төменде айтылғандардың қайсысы қолайлы, ал қайсысы қолайсыз деп ойлайсыз? ресми тіркелген партиялардың, қозғалыстардың жұмысына қатысу» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

	Тиімділігі			Мүмкіндігі		
	Тиімді	Тиімсіз	Ж/Қ	Мүмкін	Мүмкін емес	Ж/Қ
Әлеуметтік желілерде наразылықты білдіру	42,5	50,6	6,9	44,6	35,0	20,4
Ресми билік органдарына жүгіну	41,4	51,9	6,7	44,8	35,4	19,8
Ресми тіркелген партиялардың, қозғалыстардың, қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысу	40,7	52,1	7,2	41,8	38,0	20,2
Өтініштер мен петициялар жазу	36,4	56,2	7,4	37,7	40,8	21,5
Рұқсат етілген наразылық акцияларына, митингілерге, пикеттерге, демонстрацияларға қатысу	30,1	62,8	7,1	32,5	46,3	21,2
Санкцияланбаған наразылық акцияларына, митингілерге, пикеттерге, демонстрацияларға қатысу	18,6	74,2	7,2	15,0	63,6	21,4
Тіркелмеген немесе тыйым салынған партиялардың, қозғалыстардың, қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысу	18,2	74,5	7,3	15,9	63,0	21,1

Жастар ортасында кемсітушілік тәуекелі

Жастарды қандай да бір себептермен кемсіту қаупі наразылық акцияларын тудыруы мүмкін. Жастар қандай кемсітушілікке кезігетінін анықтау үшін «Төменде көрсетілген себептердің қайсысы бойынша елімізде жастар жиі кемсітушілікке ұшырап, құқықтары бұзылады?» деген сұрақ қойылды. Кемсітушіліктің кең таралған себептеріне қазақ тілін білмеу (22,9%), білім деңгейі (17,7%) және этникалық ерекшелік (16,6%) жатады. Басқа себептер бойынша кемсіту 7,8%-дан (гендерлік) 13,7%-ға дейін (жыныстық бағдар, орыс тілін білмеу) құбылады. Елімізде жастарды кемсітуге ұшырамайды деп есептейтін жастардың үлесі 23,4%-ды құрады.

№58 диаграмма. «Төменде көрсетілген себептердің қайсысы бойынша елімізде жастар жиі кемсітушілікке ұшырап, құқықтары бұзылады?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Атырау (47,1%), Ақтөбе (38,9%), Павлодар (35,2%), Жамбыл (31%) облыстары мен Алматы қаласының (37,5%) жастары, қазақ тілін білмеу себебінен кемсітушіліктің бар екенін басқалардан жиі айтты.

Бірқатар облыстарда респонденттер жастар этникалық белгілері бойынша кемсітушілікке кезігеді деп санайды. ШҚО, Ақмола облысы және Шымкент қаласында жастар бұл проблеманың 20%-дан астам деңгейін көрсетті. СҚО (30,2%) және Ақтөбе облысы (55,8%) бойынша көрсеткіштер қауіп тудырады.

Тағы бір жәйт, бірнеше аймақтағы жастар аумақтық тиесілігіне байланысты кемсітушіліктің бар екенін көрсетті.

Атырау облысы (14,3%), Шымкент қ. (13,5%), ШҚО (13,0%) жастары аумақтық тиістілігі бойынша кемсітушілік көріністеріне кезіккен.

№19 кесте. «Төменде көрсетілген себептердің қайсысы бойынша елімізде жастар жиі кемсітушілікке ұшырап, құқықтары бұзылады?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, «Этникалық тиістілік» себебі бойынша, %

	Этникалық тиістілік	Қазақ тілін білмеу	Орыс тілін білмеу	Гендерлік тиістілік	Аумақтық тиістілік	Жасы	Жыныстық бағдар	Шектеулі физикалық және психикалық қабілеттер	Білім деңгейі	Кемсітушілік пен құқық бұзушылық жоқ	Жауап беруге қиналамын
Атырау	7,1%	47,1%	32,9%	2,9%	14,3%	2,9%	28,6%	7,1%	18,6%	12,9%	7,1%
Ақтөбе	55,8%	38,9%	38,9%	1,1%	1,1%	8,4%	6,3%	5,3%	9,5%	30,5%	3,2%
Алматы	22,6%	37,5%	18,3%	21,6%	12,5%	15,4%	34,1%	28,8%	31,3%	10,1%	3,4%
Павлодар	9,9%	35,2%	11,3%	8,5%	4,2%	7,0%	11,3%	11,3%	16,9%	23,9%	28,2%
Жамбыл	11,1%	31,0%	15,1%	3,2%	7,9%	5,6%	3,2%	5,6%	14,3%	19,0%	9,5%
Қарағанды	12,3%	29,0%	8,0%	7,2%	5,1%	25,4%	26,1%	12,3%	26,8%	15,2%	4,3%
Шымкент	23,8%	27,0%	18,3%	8,7%	13,5%	10,3%	27,8%	30,2%	23,0%	13,5%	7,9%


	Этникалық тиістілік	Қазақ тілін білмеу	Орыс тілін білмеу	Гендерлік тиістілік	Аумақтық тиістілік	Жасы	Жыныстық бағдар	Шектеулі физикалық және психикалық қабілеттер	Білім деңгейі	Кемсітушілік пен құқық бұзушылық жоқ	Жауап беруге қиналамын
Маңғыстау	7,7%	25,6%	9,0%	3,8%	10,3%	26,9%	5,1%	7,7%	11,5%	24,4%	10,3%
Солтүстік Қазақстан	30,2%	24,5%	7,5%	34,0%	11,3%	18,9%	22,6%	9,4%	5,7%	22,6%	1,9%
Ақмола	22,4%	23,7%	9,2%	5,3%	5,3%	5,3%	2,6%	13,2%	6,6%	17,1%	17,1%
Қостанай	18,6%	20,9%	8,1%	8,1%	7,0%	17,4%	3,5%	8,1%	17,4%	27,9%	18,6%
Шығыс Қазақстан	21,4%	16,0%	6,1%	19,1%	13,0%	9,2%	25,2%	12,2%	16,8%	22,9%	7,6%
Түркістан	12,6%	14,6%	21,1%	4,5%	12,6%	15,0%	7,3%	15,4%	24,0%	30,5%	8,5%
Алматы	14,4%	14,4%	6,3%	3,8%	8,7%	9,6%	8,7%	5,8%	15,4%	36,5%	10,6%
Батыс Қазақстан	14,7%	5,9%	0,0%	1,5%	10,3%	2,9%	0,0%	2,9%	8,8%	22,1%	39,7%
Қызылорда	2,2%	5,4%	11,8%	0,0%	5,4%	2,2%	2,2%	6,5%	7,5%	53,8%	19,4%
Нұр-Сұлтан	0,8%	3,4%	3,4%	0,0%	2,5%	6,8%	0,0%	0,8%	9,3%	11,0%	64,4%

6. МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстандағы жастардың жартысынан азы (48%) жастарды қолдау мен дамыту тиімді жүзеге асырылады деп санайды. «Сіздің пікіріңізше, елімізде мемлекеттік жастар тиімді іске асырылады ма?» деген сұраққа «иә, тиімді» деген жауапты 17,4%, ал «дәлірегі, тиімді» деп 30,6% респондент жауап берді. Алдыңғы зерттеудің деректерімен салыстырғанда бағалау 16,6%-ға төмендеді.


Жастар саясаты туралы ештеңе естімегендер үлесі 18,7% құрайды, бұл алдыңғы зерттеу нәтижелеріне қарағанда екі есе жоғары.

Диаграмма №59. «Сіздің пікіріңізше, елімізде мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) тиімді іске асырылады ма?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Ауылдық жерлерде жастар мемлекеттік саясат тиімді жүзеге асырылады деп санайды. Осылайша, «дәлірегі, тиімді» деген жауапты ауылдық 32,2% және қалалық 29,4% респондент айтты, «иә, тиімді» деген жауапты 21,9% ауылдық респондент және қалалық 14% респондент берді. Сонымен қатар, ауыл жастары тиімсіздік туралы азырақ айтты: қалалық респонденттердің теріс 8,7% жауабына қарсы небәрі 6,1%.

№60 диаграмма. «Сіздің пікіріңізше, елімізде мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) тиімді іске асырылады ма?» деген сұрақтың жауаптарын елді мекен түрі бойынша бөлу, %



Жастардың пікірінше, мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда жастарды жұмысқа тұрғызуға (31,1%), жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге (29,7%), сондай-ақ білімге қолжетімділік пен оның сапасын арттыру мәселелеріне (15,6%) назар аудару қажет. Жастардың 9,3% бөлігі ешқандай қолдау күтпейді.

№61 диаграмма. «Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда ең алдымен неге назар аудару қажет?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



*Сума 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемасы әсіресе Қостанай (48,8%), Павлодар (43,1%) және Ақтөбе (42,1%) облыстарының жастары үшін өзекті. Жұмыспен қамту мәселесін шешу туралы Атырау (56,3%) және Қызылорда (49,5%) облыстарының респонденттері жиі айтты. Батыс Қазақстан (23,5%), Қызылорда (20,4%) облыстары және Алматы қаласының (20,4%) респонденттері білімге қолжетімділік пен оның сапасын арттыру мәселелерін атап өтті.

№20 кесте. «Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда ең алдымен неге назар аудару қажет?» деген сұрақтың жауаптарын облыстар бойынша бөлу, %


	Жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету	Жұмыспен қамту	Медициналық қызметтердің қолжетімділігі	Жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру	Шәкіртақы, жалақы, жеңілдіктерді арттыру	Ешқандай қолдау күтпеймін
Ақмола	27,6	35,5	13,2	13,2	5,3	5,3
Ақтөбе	42,1	31,6	5,3	8,4	3,2	9,5
Алматы	23,5	31,9	5,4	11,8	14,2	13,2
Атырау	16,9	56,3	5,6	9,9	5,6	5,6
Шығыс Қазақстан	26,7	31,3	7,6	19,1	13,7	1,5
Жамбыл	24,6	31,7	13,5	12,7	7,9	9,5
Батыс Қазақстан	1,5	16,2	10,3	23,5	33,8	14,7
Қарағанды	37,6	36,2	5,7	9,9	5,0	5,7
Қостанай	48,8	30,2	4,7	4,7	5,8	5,8
Қызылорда	15,1	49,5	2,2	20,4	4,3	8,6
Маңғыстау	21,8	28,2	1,3	19,2	6,4	23,1
Павлодар	43,1	30,6	5,6	8,3	5,6	6,9
Солтүстік Қазақстан	32,1	18,9	9,4	18,9	11,3	9,4
Түркістан	39,6	23,7	1,2	19,6	10,6	5,3
Нұр-Сұлтан	25,9	37,1	1,7	19,0	0,0	16,4
Алматы	28,2	30,1	2,4	20,4	8,3	10,7
Шымкент	34,1	19,5	0,8	18,7	16,3	10,6

Жастардың басым көпшілігі мемлекеттік органдар жастар проблемаларына (45,8%) жеткілікті көңіл бөлмейді немесе жастар үшін ештеңе жасамайды (14,3%) деп санайды.

Респонденттердің төрттен бірінен астамы (27,1%) мемлекет жастардың дамуы үшін барлық жағдайды жасайды деп санайды.

Сонымен қатар, жауап беруге қиналғандардың деңгейі өте жоғары (12,7%), бұл мемлекеттік органдар мен жастардың өзара іс-қимылының жеткіліксіз деңгейін білдіреді.

№62 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы мемлекеттік органдар жастар мәселелеріне жеткілікті көңіл бөледі ме?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Мемлекет жастарды қолдау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде, түрлі бағдарламалар мен жобалар іске асырылып жатыр. Бірақ жастардың аталмыш бағдарламаларға қатысуы бірде-бір бағдарлама бойынша 10%-дан аспайды.

Жұмыспен қамту турасындағы бастамаларға ең көп қатысу анықталды. «Жастар практикасы» – 9,9%, «Жасыл Ел» – 9,2%. Басқа бағдарламаларға қатысу деңгейі 2,3% – 5,8% аралығында құбылады.

№63 диаграмма. «Егер Сіз жастарды қолдау бойынша қандай да бір мемлекеттік бағдарламаларға қатысқан болсаңыз, көрсетілген қызметтерге/ұсынылған мүмкіндіктерге қаншалықты қанағаттандыңыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Мемлекеттік бағдарламаларға қатысқандардың қанағаттану деңгейі өте жоғары – барлық бағдарламалар мен жобалар бойынша қанағаттану деңгейі 80%-дан жоғары («толық қанағаттанамын» және «дәлірегі, қанағаттанамын»). «Серпін-2050» бағдарламасы (60,3% толық қанағаттанамын, 32,4% дәлірегі, қанағаттанамын), «Жасыл Ел» жобасы (56,3% толық қанағаттанамын, 33,3% дәлірегі, қанағаттанамын), «Болашақ» халықаралық стипендиясы» (64,7% толық қанағаттанамын, 24,7% дәлірегі, қанағаттанамын) қанағаттанудың ең жоғары деңгейін көрсетті.


№21 кесте. «Егер Сіз жастарды қолдау бойынша қандай да бір мемлекеттік бағдарламаларға қатысқан болсаңыз, көрсетілген қызметтерге/ұсынылған мүмкіндіктерге қаншалықты қанағаттандыңыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

	Толық қанағаттанам ын	Дәлірегі, қанағаттанам ын	Дәлірегі, қанағаттанбай мын	Мүлдем қанағаттанбай мын
«Серпін-2050»	60,3	32,4	1,5	5,9
«Жасыл Ел» жобасы	56,3	33,3	6	4,4
«Болашақ» халықаралық стипендиясы	64,7	24,7	4,7	5,9
Президенттік жастар кадр резерві	42,2	44,4	4,4	8,9
«Дипломмен ауылға!» жобасы	56,2	29,5	6,7	7,6
«Жас кәсіпкер» жобасы	50,6	34,1	5,9	9,4
Білім беру ұйымдарының түлектеріне арналған «Жастар практикасы»	65,5	18,3	8,6	7,6
Баршаға арналған тегін техникалық және кәсіптік білім	52,7	30,4	10,7	6,3
«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында «Жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй»	61,7	20	8,7	9,6
«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы	55,6	25,3	8,1	11,1
«Zhas Project» жастар корпусын дамыту жобасы	50,7	26,8	16,9	5,6

Мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды іске асырудан басқа бүкіл ел бойынша Жастар ресурстық орталықтары жұмыс істейді, олардың қызметі жастардың әлеуметтік және жеке дамуына жәрдемдесуге және жастар ұйымдарының қызметін қолдауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың жартысынан көбі (52,7%) Жастар ресурстық орталықтарының (ЖРО) қызметі туралы естімеген, ал ЖРО-ға жүгінгендердің үлесі бар болғаны 6,4%-ды құрайды.


ЖРО қызметі туралы хабардарлықтың ең жоғары деңгейі Түркістан, Қостанай, Ақтөбе облыстарында байқалады.

№64 диаграмма. «Өтінемін, айтыңызшы, Сіз өз аудан/қала/облысыңыздағы Жастар ресурстық орталықтарының (ЖРО) жұмысы туралы білесіз бе?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



2000 респонденттің ішінен тек 127 респондент ЖРО-ға жүгінді. Бұл респонденттер қызметтің тиімділігін бағалады. Осылайша, 60,5% респондент проблемалар шешілгенін, 16,8% респондент ішінара көмек алғанын атап өтті. ЖРО-ға жүгінген әрбір бесінші адамның проблемасы шешілген жоқ.

№65 диаграмма. «Жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлері Сіздің мәселеңізді шешуге көмектесті ме?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Қорытынды

Бұл баяндамада негізгі мақсаты республика және өңір бойынша жастардың өмірі мен қызметінің негізгі аспектілері бойынша жастардың пікірін зерделеуді көздейтін әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері келтірілген.

Осы зерттеу шеңберіндегі негізгі: денсаулық және бос уақыт, білім және ғылым, экономикалық сәйкестендіру, жастардың құндылықтары мен мүдделері, саяси белсенділігі, наразылық әлеуеті, сондай-ақ мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігіне баса назар аударылды.

Талдамалық ақпарат негізінде әр блок бойынша егжей-тегжейлі мәліметтер алынды. Төменде әр бағыт бойынша қорытындылар келтірілген.

Денсаулық және бос уақыт

Респонденттер профилактикалық тексеруден өтудің маңыздылығын түсінеді, алайда, алдыңғы жылдармен салыстырғанда профилактикалық тексеруден өтпеген жастардың деңгейі 6,8-ден 10%-ға дейін өскені байқалады. Қыздар профилактика мәселелерінде неғұрлым жауапты, жиі және тұрақты түрде тексеруден өтеді.

Жастар арасында жыныстық жолмен берілетін инфекциялар туралы ақпарат айтарықтай үстірт, 10,7% ЖЖБИ туралы ештеңе білмейді, ал 24,1%-ы аз ғана ақпарат біледі. Жастардың шамамен үштен бір бөлігі репродуктивті немесе жыныстық денсаулық туралы ақпаратты әлеуметтік желілерден немесе Интернеттен алады, ақпарат алудың басқа әдістерінің маңыздылығы 1,4-18,6% аралығында құбылады.

Жастар өздерінің денсаулық деңгейіне оптимистік көзқараспен қарайды, сондықтан 72,3%-ы өздерін дені сау санайды, тек 1,8% бөлігінде созылмалы аурулар бар. Жастар өзін-өзі емдеуге белсенді түрде жүгінеді (16,8%), балама медицина әдістерін қолданудың көрсеткіштері едәуір болды (3,1%).

Дұрыс тамақтану және жаман әдеттерден бас тарту салауатты өмір салтының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, спортпен шұғылдану немесе алдын-алу шаралары, оның ішінде шынығу жастардың салауатты өмір салтына деген көзқарасына барабар емес. Жастар үшін ең көп таралған зиянды әдет әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізу (34,8%), ұйқы режимін сақтамау (32,1%).

Жастардың үштен бірі спортпен, дене шынықтырумен үзбей айналысады, үштен бірі ара-тұра айналысады, шамамен 14,3% респондент спортпен ешқашан айналысқан емес, бұл салауатты өмір салтының осы құрамдас бөлігіне аз көңіл бөлінетінін көрсетеді. Ауыл мен қала жастары арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар: қалада спортпен тұрақты айналысатындар мен ешқашан айналыспайтындар үлесі басым, ал ауылдық жерлерде спортпен ара-тұра айналысатындар саны көп.

Дене шынықтырудың ең көп таралған орны – үй, үй ауласы (сәйкесінше 31,3% және 24,8%). Спортпен шұғылдануға кедергі келтіретін негізгі факторлар – денсаулықтың нашарлығы, апатия, жалқаулық және жеке себептер.

Жастардың едәуір бөлігі (38,4%) ұйымдастырылған іс-шараларға қатыспайды, жастардың 7%-ға жуығы қызығушылық танытатын рухани-адамгершілік сипаттағы және туризм саласындағы іс-шаралардың таралу деңгейі төмен. Заманауи мәдениеттің жастар үшін ең қызықты бағыты қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану болып табылады, сондықтан 63% «Тик-Ток» желісінің танымалдылығын атап өтті.

Қазіргі мәдениет бағыттарының жалпы жастарға әсері оң бағаланады. Респонденттердің көпшілігі мәдениеттің заманауи бағыттары жас адамның жеке басының дамуына ықпал етеді деп санайды және қазіргі мәдени тенденциялардың дүниетанымға жағымды әсері бар деп сенеді.

Білім және ғылым

Алған немесе алып жүрген білім сапасы 79,5%-ға қанағаттандырады, бұл ретте 2019 жылы жүргізілген ұқсас зерттеу деректерімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 6,5%-ға төмендеді. Өңірлер арасындағы бағалауларда айтарлықтай алшақтық байқалады: 7,4%-дан (БҚО) 70,5%-ға (Ақтөбе) дейін.

Дәстүр бойынша, мектепте тегін білім беру, инфрақұрылым, жабдықтар, жаңа оқулықтардың болуы, олимпиадаларға қатысу мүмкіндіктері, оқытушылардың біліктілігі қазақстандық білім беру жүйесінің артықшылықтарына жатады. Негізгі кемшіліктердің арасында жоғары оқу орындарында оқудың жоғары төлемақысы, Ұлттық бірыңғай тестілеу, мектептердегі бағалаудың жаңа жүйесі көрсетіледі.

Жалпы қашықтықтан білім беруге деген көзқарас теріс, сондықтан жастардың тек 13,0%-ы қашықтықтан білім беру дәстүрлі оқытуға жақсы балама деп санайды, 22,8% бөлігі қашықтықтан білім беру дәстүрлі білім беру жүйесіне қарағанда нашар екеніне сенімді.

Жастардың жартысынан көбі бейне сабақтар (28,8%), вебинарлар және онлайн сыныптар (27,4%), сондай-ақ мессенджерлер арқылы электрондық тапсырмалар (16,2%) онлайн-оқытудың ең қолайлы форматы деп санайды.

Инклюзивтік білім беру бөлігінде респонденттердің жартысынан азы қазақстандық жүйені оң бағалады, жауап беруге қиналғандардың деңгейі өте жоғары (15,8%), бұл ең алдымен байланыстардың жеткіліксіз деңгейін және осы салада проблемалар туралы төмен хабардарлықты көрсетеді. Бұл қорытынды мүмкіндігі шектеулі жастарды қолдау деңгейіне қанағаттану (19,1%-дан астам) деген сұраққа жауап беруге қиналғандардың жоғары деңгейімен расталады. Осы сұраққа жауап берген респонденттердің жартысынан азы (49,6%) оң жауап берді.

Жастардың 10,7% бөлігінің ғылыми қызметке қатысы бар, алдыңғы зерттеудің деректерімен салыстырғанда 1,9%-ға өсу байқалады. Жастар ғылыми жобаларға қызығушылықты дамытудың негізгі тәсілі ғылыми қызметі үшін гранттарды, конкурстық бағдарламаларды және наградаларды ұлғайту болып табылады деп санайды. Білім саласындағы реформалар, жастардың пікірінше, ғылымға деген қызығушылықты дамытуға көмектеспейді. Респонденттердің үштен бірі студенттерді кафедралар мен ғылыми орталықтардың жобалық қызметіне белсенді тарту қажет деп біледі.

Экономикалық сәйкестендіру

Жастардың басым бөлігі (жауаптардың 89,8%) қазіргі өміріне толық немесе көп дәрежеде қанағаттанады, тек 1,1% ғана ағымдағы жағдайға қанағаттану туралы сұраққа теріс жауап берді. Жеке, отбасылық сипаттағы проблемалар немесе мәселелер, сондай-ақ жұмыспен қамтылу және табыс табуу мүмкіндіктері жастар арасында үлкен алаңдаушылық тудырады.

Тек 0,5% респондентті ештеңе мазаламайды. Жастардың 47,3% бөлігі болашаққа сеніммен қарайды, 30,7% – жағдайды «байсалды, иллюзия мен үміттенусіз» қабылдайды. Қорқыныш пен ұшарасыздық жағдайы 1,3% жастарға тән. Ең алдымен жастар өз жақындары үшін қауіптенеді, сондай-ақ қорқыныш арасында жастар болашақта өзін таба алмаудан (21,3%) және өз әлеуетін іске асырмаудан (21,2%) қорқады.

Жастарға өзін сенімді сезінуі үшін тұрақты жұмыс, жеке тұрғын үй және лайықты табыс деңгейі қажет. Табысқа жетуге кедергі келтіретін негізгі себептер – сыбайлас жемқорлық пен бюрократия, мақсатың жоқтығы, экономикалық жағдайдың нашарлығы, байланыстардың жетіспеушілігі. Айта кету керек, себептердің басым көпшілігі сыртқы сипатта, оларды мемлекеттік саясат шараларымен толықтай жоюға болады.

Жастардың жартысынан азы (41,2%) таяудағы 2 жылда өздерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартуды жоспарлайды. 5,9% жас респондент отбасының көмегіне

жүгінеді, респонденттердің көпшілігі (44,4%) өз қаражатын пайдалануды жоспарлайды, ипотекалық несиелеу 23,2% үшін қолайлы, ал 19,7% бөлігі мемлекеттік бағдарламаларға сенеді.

Жастардың немесе олардың отбасы мүшелерінің жартысында қаржылық міндеттемелер бар, бұл ретте міндеттемелері бар ауылдық жерлердегі жастардың үлесі (53,2%) қалалықтарға (46,8%) қарағанда жоғары. Міндеттемелердің басым түрі – тұтынушылық несие, шұғыл қажеттіліктерге арналған қарыздар. Бизнесіті дамытуға байланысты міндеттемелер тек 7,6% респондентте бар, бұл жанама түрде іскерлік белсенділіктің жоқтығын немесе қаржыландырудың осы түрін алудағы қиындықтарды көрсетеді. Негізінен несиеге тұрмыстық техника (42,4% жағдайда), жиһаз (16,1%), автокөлік (9,9) алады. Соңғы 2 жылда жастардың 4,3%-ы білім алу үшін несие алған.

Жастардың тек 41,0% бөлігі үшін міндеттемелерді жүйелі түрде өтеу қиын емес, басым бөлігінде проблемалар бар. Осылайша, 16,1% респондент табысын «бас аяғына әрен жеткізеді», 5,1% қарыздың бір бөлігін өтей алады, шамамен 7,5% қарызды өтейтін жағдайда емес. Ауыл жастарының қаржылық тұрақтылық жағдайы мәз емес: тек 38,0% респондент қарызын жүйелі түрде төлейді және бұл олар үшін қиындық тудырмайды.

Құндылық бағдарлары

Жастар ортасында билік, шығармашылық қызмет, қоғамдық танылу немесе беделдің болуы қатысты ниет аса жоғары емес, көрсеткіштер алынған жауаптардың 3% үлесінен аспайды. Дәстүрлі түрде отбасы, денсаулық, достық және материалдық қамтамасыз етілген өмірдің маңызы жоғары.

БАҚ (2,7%) және дін (0,3%) тарапынан құндылық бағдарларын қалыптастыруға әлеуметтік ықпал етудің елеусіз деңгейін атап өту қажет, бұл сауалнама жүргізу кезінде жастардың тұжырымдамаларын айтарлықтай терең түсінбеумен байланысты болуы мүмкін. Жастар құндылықтарының дамуына әсер ететін ең маңызды әлеуметтік институттар туралы жауаптардың біртекті сипатынан айырмашылығы (жауаптардың 70% деңгейінде отбасының рөлі басым), жеке адамның немесе адамдар тобының ықпалы айтарлықтай құбылады. Мәселен, 17,1% респондент билік өкілдерін жастарға ықпал етудің ең белсенді көздері ретінде көрсетуі күтілген жағдай. «Желілік» ықпал ету көздері салыстырмалы рөл атқарады: блогерлер, вайнерлер, тиктокерлер (респонденттердің 16,2% жауаптары), бұл осы әсер ету арнасының жоғары маңыздылығын және қоғамдық пікірге айтарлықтай ықпал ету деңгейін көрсетеді. Жастардың едәуір бөлігі (үштен бір бөлігі, 31,2%) беделді адамдар немесе адамдар тобын атаған жоқ, саяси партиялар көшбасшылары беделінің төмен деңгейін (8,5%) атап өткен жөн.

Қазақстандық жастарға тән трендтер арасында жоғары мобильділікке көшу, заманауи технологияларды пайдалану, салауатты өмір салты және өмірдің серпінді қарқыны неғұрлым танымал.

Тіл артықшылықтары және этносаралық саясат

Тілдік орта екі тілді болып қала береді: зерттеу аясында жастар арасында билингвизмнің жоғары деңгейі анықталды, яғни орыс және қазақ тілдерінде сөйлейтіндер (27,1%) басым болды. Жастардың 79,8%-ы орыс тілін, 74,7% – қазақ тілін, 12% – ағылшын тілін еркін меңгерген. Үйдегі қарым-қатынас деңгейі 43,9% жастар арасында қазақ тілінде, 27,6% – орыс тілінде жүреді.

Орташа алғанда республикадағы этносаралық саясатты респонденттердің басым көпшілігі оң бағалайды (77,5%), этносаралық саясатқа қанағаттанудың ең төмен деңгейі Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарында және Шымкент қаласында анықталды (шамамен 15%).

Өздерін діншіл санайтын жастар дінді ұстануды маңызды деп санамайды, тек 13,5% ғана діни нормаларды толық ұстанады, 19,2% – діни өмірге қатыспайды. Егер терминологиялық ерекшеліктерге мән бермейтін болсақ, онда жас адамдардың шамамен төрттен бірі (дінге сенбейтіндер, атеистер, қарсыластар) өздерін діншілге жатқызбайды. Дін қызметкерлер ықпалы айтарлықтай төмен (2,8%), дегенмен алдыңғы зерттеудің деректерімен салыстырғанда бұл фактор 1,5 есе өсті.

Қала мен ауыл жастарының діншілдік деңгейі де әртүрлі, сондықтан қалада ешқандай дінді ұстанбайтын немесе өздерін басқа конфессияларға жатқызатындар саны жоғары: 12,4% жас қала тұрғындары 11,2% ауыл жастарымен салыстырғанда ешқандай дінді ұстанбайды, ал 2,3% басқа діни конфессияларға кіреді.

Саяси белсенділік және наразылық әлеуеті

Жастардың үштен бірі саяси жаңалықтарға қызығушылық танытпайды, немесе саяси процестер туралы ақпаратты өте сирек (24,4%) немесе ара-тұра (24,6%) алып отырады. Ақпараттың негізгі көздері дәстүрлі түрде желілік дереккөз болып табылады, мысалы, әлеуметтік желілер немесе блогтар дереккөздер ретінде 54,3% жағдайда, Интернет-сайттар қазақстандық көздер үшін 30,9% жағдайда және шетелдік сайттар үшін 20,2% жағдайда көрсетілген. Баспа басылымдары аса танымал емес.

Жастар салыстырмалы түрде бейсаяси күйде, жастардың 26,6% бөлігі ғана сайлауға қатысады, 27,2% – қатысуға мүлдем мүдделі емес. Саяси партиялардың қызметіне басым көпшілігі, 90,9%-дан астамы қатыспайды, 2,5%-дан кемі белсенді. Шамамен 5,2% респондент партияға мүшелігін растады.

Жастардың 31,2% бөлігі жастар ұйымдарының қызметі туралы білмейді немесе мүдделі емес (31,0%). 9,6% респондент өз бастамасы бойынша белсенді қатысып жүр. Жастардың аталмыш ұйымдардың қызметіне қатысу ниетіне қоғамға, адамдарға пайдалы болу, сондай-ақ жұмыс тәжірибесін, өмірлік тәжірибе алуға деген ұмтылыс негіз болуы оң факт болып табылады.

Жастардың волонтерлік, еріктілік қызметтегі белсенділігі де аса жоғары емес. Шамамен 5,1% респондент белсенді қатысушы-волонтер болып табылады. Жастардың жартысынан көбі (52,9%) ерікті немесе волонтерлік қызметке қатыспаған және қатысуды жоспарламайды. Шамамен 24,4% болашақта волонтерлік қызметке қатысуды жоспарлап отыр.

Жастардың пікірінше, наразылық әлеуетінің деңгейі өте жоғары, респонденттердің төрттен бір бөлігінің бұқаралық көтерілістер, наразылық акциялары (22,8%-27,8% деңгейінде) мүмкін емес деп санайды. Жастардың пікірінше, азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауына байланысты наразылықтар ықтималдығының деңгейі бәрінен жоғары, ал этникалық мәселелер немесе еңбек қақтығыстары ең аз алаңдаушылық тудырады.

Қандай да бір себептермен наразылық акцияларының пайда болуы ықтималдығының ең аз пайызын Нұр-Сұлтан қаласы мен Қызылорда облысындағы респонденттердің жауабынан құралады.

Айта кету керек, Қазақстан жастарының жартысынан астамы өз басы кезкелген себеп бойынша жаппай наразылықтарға қосылуға дайын емес. Аймақтардағы наразылық әлеуетінің деңгейі де айтарлықтай құбылмалы. Жамбыл облысының жастары қандай да бір себептер бойынша наразылықтарға жеке қатысуға әзірлігі бойынша «көшбасшылар» қатарында.

Жастар әлеуметтік желілерде наразылық білдіру, ресми органдарға жүгіну, ресми тіркелген партиялар мен қозғалыстардың жұмысына қатысу өз ұстанымын білдірудің ең тиімді әдісі деп санайды. Наразылық білдірудің барлық ұсынылған әдістерінің өздері үшін рұқсат етілуін бағалау олардың тиімділігін бағалаудан да

жоғары. Рұқсат етілмеген наразылық акцияларына және тіркелмеген немесе тыйым салынған қоғамдық қозғалыстар мен партияларға қатысу ерекше жағдайға жатады.

